

Зардап шеккендер ескерусіз қалмайды  
2-бет

Бизнестегі аруларға – «Үміт» бағдарламасы  
5-бет

«Алпамысты» жатқа оқып...  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 6 СӘУІР, 2024 ЖЫЛ №38 (23 360)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• МЭЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Ел үмітін су шаймасын десек...

Еліміздегі су тасқыны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. Сондай-ақ, су тасқыны салдарынан туындаған төтенше жағдайға байланысты шұғыл кеңес барысында бірқатар әкімдердің қызметіне сәйкес келмейтінін айтып, сынға алған болатын. Президент су тасқынынан келген залалды қалыпқа келтіруді қатаң тапсырды. Тіпті, шұғыл шаралар қабылдаумен қатар, жүйелі жұмыстың да қажет екенін қадап айтқан болатын. Бүгінде Президент пәрменінен кейін Үкімет тасқынға қарсы іс-шараларды ұйымдастырудың ұсынымдарын әзірлеуде.

Он шақты күн болды, еріген қар суының өзі-ақ тасқынға қам-қарекетіміздің қандай шамада екенін айғақтап берді. Бұл – тосын емес, жылда біз қарсы алатын тасқын су. Бірақ, биылғысы бұрынғысынан «бөлектеу». Белуардан су кешкізді. Енді ғана жөнге келе бастаған жолдарымызды су шайды. Еліміздегі бірнеше ауыл су астында қалды. Бір ғана су тасқыны экологияға, климатқа, жерге, суға қатысты бірнеше шикіліктің шетін шығарды. Елді толғандыратын сұрақ көп. Соның ең өзекті боп отырғаны – бұрынғы мұндай қауіптен бетпе-бет келмеген Қазақстанды кейінгі кезде топан су неге төпелете берді?

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### «Кенес кезіндегідей шаруа келмеске кетті»

Сонымен, мұнда айналып тұрған мұндай жағдайдың негізгі себебін тәуелсіз сарапшылар, агросарапшылар мен экологтар климаттың өзгергенін байланыстырып отыр. Қыс мезгілінің мерзімінен кеш келуі де сеп. Оның үстіне сол уақытта жауған жаңбыр тоңды қатырып тастағандықтан, еріген қар суы жерге сіңбеуде. Эколог-сарапшы Сәкен Келдібаев та осыны айтады.

– Климаттың өзгергеніне өзіміз кіноліміз. Ауаны мөлшерден тыс ластан жатырмыз. Соның әсерінен қыс мезгілі уақытында келмеді. Былтырғы күз ұзаққа созылды. Күзде жауған жаңбыр жердің жоғарғы бөлі-

гін қатырып тастады. Өйткені, қара суық болып, жерге сіңген жоқ. Қар кеш түсті. Қар түскесін де еріп-қатып, арасында жаңбыр да жауды. Қаңтар айының соңына қарай қар өте тығыз болды. Көктем келіп, күн бірден жылынып, тоңы қатқан жер еріген қардың суын қабылдай алмады. Табиғатпен байланыс үзілген, – дейді Сәкен Сәбиденұлы.

Кенес үкіметі кезінде кеңшар (совхоз) және ұжымдық шаруашылықтар (колхоз) егінді және басқа да дақылдарды көп екенін, қыста егіс алқабында бірнеше рет қар тоқтатылғандығын айтады сарапшы. «Гидромелиорациялық құрылыстар су қоймалары, дамбалар, плотиналар болды. Арнайы гидромелиоратор мамандар бақылап отырды. Қазір осы жүйе толығымен жойылды», – дейді эколог.

Агросарапшы Никанбай Омархановтың



да айтар пікірі – осы. Алапат су тасқынының негізгі себебін ауыл шаруашылығының құлдырауынан көреді.

– Кенес кезінде жоғары индустралды совхоздар мен аудан көлемінде ірі ДЭУ, ПМК, СПМК, Сельэнерго, Райгормхоз,

ВОДХОЗ, Подземвод сияқты қажетті техникалармен жарактанған кәсіпорындар болды. Бір совхоздың өзінде 15-20-дай «К-700» маркалы алып техникалар болды. Қыс бойы су тасқынының алдын алу, көктемгі тасқын суды егістік, шабындықтарда қалдыру мақ-

сатында қар тоқтату жұмыстарын жүргізуге міндетті болды. Сол арқылы көктемгі қар суына ие болып, бетімен ағызып жібермей ұстап қалуға және аршылған жерлерді қыста жайылымға пайдалануға тиімді болды.

► 4-бет

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 ТГ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 ТГ
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 ТГ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 ТГ

Қарағанды қ.

Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Сағыныш – 8-702-638-56-85

Нұрсұлу – 8-705-902-04-05

Тел.: 43-57-89

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

## Әйел қауіпсіздігі – әлем қауіпсіздігі



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Соңғы екі жылда әйелдерге жасалған жантүршігерлік оқиғалар көбейді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында әйел мен бала құқығына, қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөліп, «Басты міндетіміз – әйелдер мен балалар құқығын қорғау» деген. Осылайша, қоғамдағы әйелдердің гендерлік теңдігі – құқықтық, саяси және экономикалық мүмкіндіктермен өлшенетіндігіне ерекше мән берді. Дегенмен, жыл сайын ел бойынша жүздеген әйел күйеуінен немесе басқа туыстарынан қашып, көмек пен баспана іздейді. Әйелдер құқығына қатысты өзекті мәселелер әлі шешімін таппаған жоқ.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстанда 10 260 057 әйел тұрады. Алайда, басым көпшілігінің қауіпсіздігі сақталмаған әрі құқығы қорғалмаған. Кез келген қорлыққа төзуге мәжбүр әйелдердің түрлі ұйымдар құрып, тіптен, өздерін қорғауға кіріскені бар. Мемлекет басшысының бастамасымен «Әйелдер құқықтары мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша» Заң жо-

басы талқыланғалы, қоғам әйел құқығы мен теңдігі мәселесіне назар аударды. Әйел теңдігі назарға алынғалы, қоғам әйелін өлтірген экс-министрдің лайықты жазасын алғанын күтуде. Көп жағдайда отбасы-ошақ қасында да зорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдердің дауысы құзырлы билікке уақытында жетпейтінін осы мәселеден айқын көруге болады...

Әкімшілік полиция комитетінің мәліметінше, жыл сайын елімізде тұрмыстағы зорлық-зомбылық салдарынан 300-ге жуық әйел зардап шегеді. Кемінде 80 әйел қайтыс болады. Сондай-ақ,

күн сайын ішкі істер органдарына осы мәселе бойынша 300-ге жуық хабарлама келіп түседі екен. Соңғы 5 жылда тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың, денсаулыққа қасақана ауыр зақым келтірудің деректері 2 есе өскен. Ал, орташа зақым келтіру 6 есе артқан. Ресми деректен шығатын тұжырым – елде әйелінің қолын, аяғын сындыру «қалыптыға» саналады. Тіптен, осы уақытқа дейін әйелге көрсетілген қысымнан бөлек, бала-шағасымен қоса өртеп жіберген жағдайлар кездескен.

► 5-бет



## Тегін жол жүруге таптырмас мүмкіндік

Kcell ұялы байланыс операторының OGO картасымен қоғамдық көлікте тегін жүруге мүмкіндік бар. Акция Қарағанды, Балқаш және Саран тұрғындарына қолжетімді.

Тегін жүруді пайдалану үшін қолыңызда OGO виртуалды картасы болуы керек.

– Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу үшін акция Қазақстанның 29 қаласында іске қосылды. OGO картасын Kcell және Activ қосымшасында тегін ашуға болады. Мұны абоненттер ғана жасай алады. Карта банктік екенін білген жөн. Картаны серіктесіміз Jusan bank шығарады. Оны толтыру көзі ретінде ONAY! қосымшасына байланыстыру керек. Кейін одан көлік картасын толтыруға немесе автобуста орналасқан QR коды арқылы ONAY қосымшасының көмегімен жол ақысын төлеуге болады. Тұтынушы OGO картасын нөмір балансынан комиссиясыз толтыра алады, – дейді Kcell цифрлық қаржы сервистерінің басшысы Сергей Коптик.

ONAY! қосымшасы үшін 200 теңгеден төмен сома толтыра алмайсыз. Кешбэк – 150 теңге. Бонустарды бірден көлік картасына немесе балансқа шығаруға болады.

Күніне бірнеше рет толтырсаңыз, сомалар да әртүрлі болуы мүмкін. Ұйымдастырушылар бір уақытта 200 теңгеден толықтыру дұрыс болатынын айтады. Себебі, бір толықтыру үшін ең көп кешбэк – 150 теңге және толықтыру сомасына тәуелді емес.

Акция көктемнің соңына дейін жалғасақ. Десе де, оны ұзартуға болады.

OGO картасын ашу жөніндегі нұсқаулықты kcell.kz.ресми сайтынан қарай аласыз.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 484.84

•USD/KZT 446.49

•RUB/KZT 4.85

•CNY/KZT 61.73

Қазақстан Ұлттық Банкінің 5 сәуір, 2024 жылғы дерегі бойынша



## Зардап шеккендер ескерусіз қалмайды

Облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов пен төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ақылбек Ахметжанов SARYARQA теларнасында өткен тікелей эфирде су тасқынына қарсы күрес және қарғын судан зардап шеккендерге көмек көрсету туралы егжей-тегжейлі айтты. Телекөрсермендерге өз сұрақтарын қойып, жауап алуға мүмкіндік берілді.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Кеншілер астанасында көктемгі су тасқыны биыл әдеттегіден ертрек басталғаны рас. Алдын ала дайындық жүргізілсе де, қарғын су қарапайым тұрғындарға зиянын тигізбей қоймайды. Атап айтсақ, төрт ауылда 41 үйді су басып, Шет ауданында төтенше жағдай режимі енгізілді. Қазір онда келтірілген шығын көлемі мен тұрғын үйлердің жай-күйін анықтайтын комиссия жұмыс істеп жатыр.

Бүгінде жағдай тұрақтанып, су тасқынының қарқыны басылып келеді. Космомониторингтің мәліметінше, облыс аумағында 20%

қар жамылғысы қалған. Қазір қажетті күштер мен техникалар әлі де қауіп төніп тұрған аумақтарға шоғырландырылған. Атап айтсақ, мұндай орындар Ақтоғай және Нұра аудандары аумағында. Өзен арналарын тәулік бойы бақылау жалғасып жатыр. Өзендердегі мұз кептелістерінің алдын алу үшін жарылыс та жүргізілуде.

– Бүгінде облыста 390 адам және 121 техника жұмыс істеп тұр. Олар 24 сағат бойы жағдайды бақылауда ұстап отыр. Тікұшақ арқылы әуеден де бақылау жалғасып жатыр, – деді Ақылбек Ахмет-

жанов.

Қазіргі таңда судың кесірінен келген шығындарды есептеу басталған. Содан кейін қажетті қаражат бөлінеді.

– Су басқан елдімекендердің

тұрғындары шығынды өтеуге қатысты алаңдаулы. Тасқын зардабы тиген әрбір адамға көмек көрсетіледі. Ешкім ескерусіз қалмайды. Барлық шығын нақты есептеледі және өтеледі. Ақсу және Қайрақты ауылдарында комиссия жұмысын аяқтауға жақын қалды. Келесі кезекте – Дерісалы және Красная поляна ауылдары. Мәңгілік елдері тұрғын үй құжаттарын ұсынуды керек. Төрт тұлға мал да тіркелген болуы тиіс. Егер, үйлер жарамсыз деп танылса, жаналары салынады немесе қайталама нарықта тұрғын үй сатып алу мүмкін-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дігі қарастырылады, – деп түсіндірді облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов.

Бұдан бөлек, шайылған жолдар да қалпына келтірілімек.

Тікелей эфир кезінде ауыр зардаптардың алдын алуға көмектесетін шаралар назардан тыс қалған жоқ. Жол картасы бойынша өткен жылы облыс аумағындағы елдімекендерде шамамен сегіз шақырым қорғаныс біліктері салынған. 45 шақырым өзен арналарына санация жүргізіліпті. Сондай-ақ, дренажға арналған шұңқырлар салынып, дренаж жүйелері тазартылған. Ақпан айынан бастап, қар тазалау жұмысы белсенді түрде жүргізілді. Елдімекендерден шамамен 3 миллион текше метр қар шығарылған.

Апатты жағдайда ауадай қажет техника мен қызыл суға тосқауыл болатын күш құрылымдары да алдын ала дайындалған.

Су тасқынының болуы ықтималдылығын күшейте түскен жағдайлар да тілге тиек етілді. Өткен күзде жауын-шашын көп болып, нормадан екі-үш есе артық жаңбыр жауған. Ақтоғай ауданында былтырғыдан бес есе көп. Осының салдарынан жер қатты ылғалданған. Ал, қыста қардың жетіспеушілігінен ол үлкен тереңдікке дейін қатып қалуға алып келді. Солтүстік аудандарда бір жарым метрге дейін, оңтүстікте бір метрге дейін тоң түскен. Осы себепті қызыл су топыраққа сіңіп үлгермеген.

Өз тілшімізден

## Армандар орындалатын алаң



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласына әрдайым қолдау көрсетіп, оның дамуына серпін беретін нақты міндеттерді жүктеп келеді. Соның бірі – сапалы білім беру мәселесі. Ал, сапалы білім кәсіби тәжірибемен ұштасуы – бүгінгі студенттің ертең білікті маман болып шығуының кепілі. Ой орайда Қарағанды техникалық-экономикалық колледжінің қырыққа жуық студенті «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының бөлімшелерінде тағылымдамадан өтуде. Аталған одақ студенттерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады деп күтілуде.



«Қазпошта» акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Нұрланбаев пен аталған колледж директоры Жанаргүл Қазыбекова екі мекеме арасындағы ынтымақтастық жұмысқа серпін береді дейді.

Алдымен «Қазпошта» филиалының мәжіліс залында директор Ерлан Нұрланбаев пен қызметкерлер студенттерді қабылдап, мекеме қызметінің уақыт талабына сай, танымал болып келе жатқанымен бөлісті. Айтқанына, аймақтық филиалдың жетістіктері мақтануға тұрарлық.

Қабылдау барысында Ерлан Құмарбекұлы сату бөлімінің басшысы Зәуреш Түсіпованы және пошта, логистика және көлік бөлімінің басшысы Асылан Мекеевтің табыстарына ерекше тоқталды. Олардың «Қазпоштадағы» көп жылғы адал еңбектері жетерлік екенін үлгісі ғана емес, сондай-ақ, арманға жету жолындағы табандылықтың да үлгісі.

– «Қазпошта» акционерлік қоғамы қаржы және пошта қыз-

меттері нарығындағы сенімділік пен тұрақтылықтың тірегі ретінде өзінің маңызды даму жолын жалғастыруда. Қоғам компаниямызды экономикалық және әлеуметтік дамуға қосқан үлесі үшін таниды және құрметтейді. Инновация – біздің озық технология мен жоғары сапалы қызмет көрсетуге деген ұмтылысты көрсететін визит картамыз, – деді Ерлан Нұрланбаев.

Кездесу соңында Ерлан Құмарбекұлы студенттерді «Қазпошта» тәрізді үлкен отбасының бір бөлігі болуға шақырды. Сондай-ақ, ол «Қазпошта» болашақтың сын-қатерлеріне төтеп беруге дайын және кәсіби өсуге ұмтылатындарға ашық екенін атап өтті.

«Компаниямыз команданың әр мүшесін ерекше бағалайды және олардың армандарын жүзеге асыруға көмектесуге дайын», – деп сөзін аяқтады директор.

«Қазпошта» АҚ-ның Қарағанды облыстық филиалы

Сурет ұйымдастырушылардан

## Оқушының үйлесімді дамуы маңызды

Жаз келе жатыр. Демек, демалысқа шыққан балалардың бос уақытын қызықты, пайдалы әрі мазмұнды өткізу міндеті педагогтер мен ата-аналарға жүктеледі. Балаларға ерекше көңіл бөліп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жас ұрпақтың тағдыры, өмірі мен денсаулығы бәрінен маңызды. Үкіметке балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесін мұқият саралап, нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Жасөспірімдер бос жүрмеуге тиіс. Олардың шығармашылыққа, спортқа қызығушылығын арттыру жағына көбірек көңіл бөлу қажет. Балаларды еңбекке баулып, волонтерлік қызметке жұмылдырған абзал. Көзбояушылық үшін жасалатын жұмысты доғару керек» деген болатын.

Биыл өңірде 16 мыңнан астам оқушы бірінші сыныпқа барды. 9-сыныптардың 15 мыңнан астам және 11-сыныптардың 7 мыңнан астам оқушысы мектеп бітіреді.

мектептен тыс ұйым жұмыс істейді. Қосымша бағдарламалардың едәуір бөлігі мектептерде жүзеге асырылатындықтан, оларда бюджет қаражаты есебінен тегін негізде 44,4 мың бала 2 646 үйірме мен секцияға барады.

– Жолдауда Мемлекет басшысы «Үйлесімді тұлға мен жауапты азаматты қалыптастыру негіздері балалық шақта қаланады. Елдегі әрбір баланың бақытты және қауіпсіз балалық шағы болуы керек» деп атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясын-



### Президент тапсырмасын орындай отырып...

ауданындағы «Романтик» кешендері де балаларды асыға күтеді.

Балаларды тамақпен қамту мектеп жанындағы лагерлер және бейінді мектеп жанындағы алаңдарда жүзеге асады.

– Өткен жылдан бастап, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржыландыруы есебінен «Жазғы демалыс» жобасы жүзеге асырылуда. Биыл оқуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген және мектеп өміріне белсене араласқан ауыл мектептеріндегі 838 бала Астана қаласындағы «Назарбаев Университеті» жанындағы «Айналайын» лагері мен Қарағанды қаласындағы «Салют» балалар сауықтыру лагерінде демалады, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

### Медицина саласына тапсырыс ұлғайды

Биыл техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 8 700 орынды құрайды. Жергілікті бюджет есебінен (медициналық мамандықтарды қоспағанда) 6 700 орын және республикалық бюджет есебінен 2 000 орын бөлініп отыр.

– Облыстық техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 54 колледж жұмыс істейді. Мамандарды даярлау 128 мамандық және 176 біліктілік бойынша жүзеге асырылады. Биыл медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс саны 700 орынға ұлғайды. Оқу жылының басынан 07140500 «Цифрлық технологиялар (түрлері бойынша)», 01140500 «Дене шынықтыру және спорт», 07161300 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөнделу және пайдалану», 07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», 04120200 «Банктік және сақтандыру қызметі», 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)», 02120100 «Интерьер дизайны» мамандықтары оқытылуда, – деді басқарма басшысы.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алғысы келетін мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына арналған жыл сайынғы кәсіптік жәрмеңке 1 сәуір – 15 мамыр аралығында өтеді.

### Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»


#### ҰБТ талабы өзгеріссіз қалды

– Облыста 11-сынып бітіретін 144 түлек «Алтын белгіге» үміткер. Түлектердің кезекті Ұлттық бірыңғай тестілеуі 16 мамырда басталып, 5 маусымға дейін жалғасады. Биыл ҰБТ 4 пункт базасында, оның ішінде, 3 жоғары оқу орнында өтеді. ҰБТ-ға тапсырылатын пәндердің саны өзгеріссіз қалады. Үшесуі – міндетті, екеуі таңдау бойынша. Дегенмен, «Оқу сауаттылығы» және «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндері бойынша тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарады. Тестілеу уақыты – 4 сағат немесе 240 минут.

Бұл жерде айта кететін жайт, ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға қосымша 40 минут уақыт бөлінеді. Көру қабілеті бұзылған балалар үшін суреттер, диаграммалар, карталар жетіспейтін тестілердің жеке нұсқалары ұсынылған, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Тестілеуге өтініштерді қабылдау 28 сәуірден 14 мамыр аралығында Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы жүргізіледі. ҰБТ-ға биылғы және өткен жылдардың түлектері, сондай-ақ, колледж түлектері қатыса алады. ҰБТ рәсімі протокторинг және бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіле отырып, электронды форматта өтеді.

Биыл орта білім берудегі жаңашылдықтардың бірі – 5-8 және 10-сынып оқушыларының «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен тест тапсыруы.



Сурет ашық әзірленген

#### Құжат қабылдау тамызға дейін

Айта кеткен жөн, 1-сыныптарға құжаттар қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады. Өтінімдерді EGOV, Білімал арқылы «1-сыныпқа қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер порталында қағаз жүзінде беруге болады. Өтінімдерді қабылдау eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы электрондық форматта және «e-Bilimal» жүйесі арқылы жүргізіледі. Құжаттар қатарында ата-аналардың (немесе оларды алмастыратын адамдардың) өтініші және баланың денсаулық жағдайы туралы құжаттар №026/у-3, №063/у нысаны бойынша медициналық анықтама бар. Сондай-ақ, 3x4 екі фотосурет болуы да міндетті.

#### «Шабьт» сарайы пайдалануға беріледі

Балаларға қосымша білім беру мәселесі жеке ұйымдарға мемлекеттік тапсырысты орналастыру есебінен шешіледі. Биыл мемлекеттік тапсырыс аясында 3 мыңнан астам қосымша орын ұсынылған. Қазіргі тауда облыста 142 048 баланы қамтыған 96

#### Жазғы демалыс қайда өтеді?

Облыстық білім басқармасы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, жазғы демалыс қала сыртындағы сауықтыру лагерлерінде, мемлекеттік 5 мекеме аясында жүзеге асады. Балаларға Қарағандыдағы – «Салют», Ақтоғай ауданындағы – «Алау», Балқаш қаласындағы – «Жас Қанат», Осакаров ауданындағы – «Есіл» ТЖБ, Қарқаралы ауданындағы «Танцшопан» секілді сауықтыру орындары қарастырылған. Оған қоса, жекеменшік сауықтыру орындары арасынан Теміртау қаласындағы – «Алау», «Жас алаш», Бұқар жырау ауданындағы – «Қыран», Қарқаралы

### «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»

## Қаржы үнемдеуді үйретеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде «Қарызсыз қоғам» жобасы жүзеге асырыла бастаған. Жоба аясында Қарағанды облысында да бірқатар шаралар атқарылған. Аймақ тұрғындарын қарызсыз қоғамда өмір сүруге, қарызданбай, экономикалық тұрғыдан сауатты болуға, алған қарызынан оңай құтылуға бағытталған арнайы сабақтар да ұйымдастырылған еді. Енді аталған жобаның екінші кезеңі басталғалы тұр.

#### Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасын іске асыру жалғасын табуда. Кеншілер астанасының тұрғындары үшін тағы да тегін қаржылық сауаттылық сабақтарына қатысуға мүмкіндік туып отыр.

Нақтырақ айтсақ, жобаның жаңа кезеңі 8 сәуірде басталмақ.

Тегін оқыту бағдарламасы қаржылық сауаттылықтың негізін, отбасылық бюджет аудитін, жеке қаржыны басқаруды, қаржылық жоспарлауды, сонымен қатар, бизнес-жоспарлар жазуға қол ұшын беруді хәм шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау жөніндегі ақпараттарды қамтиды.

Оқудан бөлек, жоба аясында қатысушыларға заңгерлердің көмегі де көрсетіледі. Олар әр қарыз алушының несиелік тарихын жеке зерттеумен қатар, қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша практикалық кеңестер беретінін де айта кеткен жөн.

– Шынығында, «Қарызсыз

қоғам» жобасы – заман талабына сай туындап отыр десек, артық айтқандық емес. Өйткені, қарыз жоқ адамды табу қиын қазір. Осындай қиын кезеңде аталған жобаның қолданысқа енуі – өте құтқарыш іс. Ақша үнемдеуді, қарыз алмауды, алған қарыздан оңай құтылуды үйрететіні бізге өте пайдалы болып тұр. Оның үстіне тегін. Әр қадамың ақша болып тұрған заманда бұл мүмкіндікті пайдаланып, қарызсыз өмір сүруді меңгеріп алған жөн, – дейді қала тұрғыны Малика Абдуллаева.

Әр қатысушы оқу аяқталған соң сертификатқа ие болады. Сабақтар 8-12 сәуір аралығында өтеді деп жоспарланып отыр. Сабақ уақыты әр күні таңертеңгі 09:00-ден түскі 13:00-ге дейін.

Аталған жобаға қатысу үшін келесі телефондарға хабарласып, жазылуға болады: (8-7212) 42-15-05, 40-08-53, +7-778-097-69-08 немесе qogamfin.kz сайтына кіріп, тіркелу керек.

Қарағанды қаласында «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқыту Әлиханов көшесі, 4 мекенжайы бойынша (облыстық Аманат партиясының ғимаратында) жүзеге асырылатынын айта кету керек.

Айтбай ЖҰМАҒҰЛОВ:

# Заманның тілін тапқан озады

Бұл күнде Ұлттық Құрылтай десе, елең қағатын болдық. Өйткені, бұл кіл шенеуік жиналып алып, сандарды тізбектейтін қатардағы есептік жиын емес. Бір жылда бір-ақ рет өтеді. Ұлттық Құрылтай дегеннен кейін бұл жерге қазақтың болашағына бейжай қарамайтын ғалымы мен қаламгері бастаған элита түгел жиналып, ұлттық деңгейдегі мәселелерді талқылайды. Елдің болашағы хақында ірі әңгімелер қозғалады. Ұлттық деңгейде. Жылдық бюджет, коммуникация сынды кезекші тақырыптар екінші қатарға ойысады. Оның үстіне, жұрттың бәрі Президент сөйлейтін сөзді асыға күтеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау мен Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайда ілгерілеудің нақты жолдарын айтып, бетімізді бір қаратып қойған. Биыл өткен Атыраудағы Құрылтайда да өзекті мәселелер қотарылды. Солардың бірқатарын белгілі айттыскер ақын Айтбай Жұмағұловпен сана таразысына салып көрген едік.

– Құрылтайда Президент әлеуметтік желідегі сапасыз контенттер ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететінін баса айтты. Ұрпақ санасы, тәрбиесі мың құбылып тұр. Бігелмей тұрған жарамыз – бұл мәселе. Шынымен де, балалар ғаламторға арбаға берсе, соны неге әкеп соқтырады деп ойлайсыз?

– Президентімізді түсінемін. Ол тұтас халықтың көкейіндегі проблеманы, сыздауықты дөп басып отыр. Бұл тақырыптың қозғалғанына біршама уақыт болды. Бір қарағанда ұсақ әңгіме секілді. Әсте олай емес. Ұлт келешегінің иесі жас буынның санасы осы бастап уланатын болса, соны жақсылыққа апармайтын айтып, дабыл қағып отыр. Іске кірісейік деп шырылдап отыр. Шынымен де, сөзіміз көбейіп кетті. Басқа-басқа демеімін. Мемлекет басшысы көтеріп жүрген проблемаларды шетінен бастап шеше бастасақ, жағдайымыз жетпейтұй оңалар еді. Бүгінде өресі жок блогерлер, дарынсыз әншілер, әуесқой режиссерлер экранымызды жаулап алды. Ал, ондай сапасыз, жеңіл дүниені жаһандық қолындағы смартфонмен ақ шарлап отырған бала қабылдай алмайды. Өз контентіміз өз балаларымызға ұнамайды. Ұнамаған соң көрмейді. Мысалы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ

құлан» деген ұлттық дүниелерді естіп, көріп өстік. Өкінішке қарай, сондай деңгейде ештеңе жоқ. Технологиялар арқылы адамның да мүмкіндігі дамып келеді. Шетелдегі «Супер геройлар» туралы мультфильмдерге, комикстерге қараңызшы. Неге солай Таусоғарды, Желаяқты экранға сапалы етіп жас көрерменге ұсынбаймыз? Қазақ халқы ертегіге бай. Сол ертегілерден анимациялық туындылар әзірлесек, әлгілерден асып түсуге де болады. Қаншама қор жатыр. Президент осы Құрылтайда Жошы туралы айтты. Жошы хан туралы сапалы анимация жасайық. Кино түсірейік. Соның бәрі тұнып тұрған тарих емес пе?! Оның үстіне, ұлттық тәрбиенің негізі саналатын обал мен сауат та сол ертегілерде, аңыздарда тұнып тұр. Тағы бір мәселе: «Отан отбасынан басталады» деген нақыл бар. Ата-ана баласының болашағына алаңдаса, не көріп отырғанын бақылауда ұстауы тиіс. «Ел боламын десең, бесіңді түзе». Эфирімізді түзеу керек сияқты. Баланың санасын ұлайтын контенттерді шығарғандарға жаза қолдана, артық болмайды деп ойлаймын.

– Құрылтайда Жас буынды кітап оқуға баулу керектігі де айтылды. Президент бұл ұлт үшін өте маңызды екенін алға тартты. Өйткені, мықты мемлекет



құру үшін сауатты, білімді ұрпақ қажет делі. Сіз көп жылдар бойы аймақтағы рухани шараларға атсалысып, ұлттық құндылықтардың жаңғыруына өзіндік үлесіңізді қосып жүрген азаматсыз. Сіздің ұйымдастыруыңызбен онан астам жас ақынның алғашқы кітабы да шықты. Тәжірибе көп. Сіздіңше, осы күнде кітапқа баулу үшін ең тиімді тәсілі қандай?

– Ашығын айтқанда, бір кітап оқып көрмеген адамдар қазір биік мінберлерде тізгін ұстап, жұртқа ақыл айтып жүр. Сахнадағы «халықтың еркелері де» сауатсыз. Кітап оқымайтындарын өздері де ашық мойындайды. Сұхбаттарында мақтаншыпен де айтады. Ал, соны көрген бала не ойлайды. «Кітап оқымаса да болады екен ғой. Оқымай-ақ та адам боламыз-ау» деген ой түйеді әлбетте. Сондай әңгімелерді қысқартуымыз тиіс. Әйтпесе, құндылық ауысып бара жатыр. Сосын, әдебиеттеріміз қажетті деңгейде

насихатталмауда. Қазір жарнаманың заманы. Заманның тілін тап та, кітаптың жарнамасымен айналыс. Телеарналарда, газеттерде кітап оқитын әулеттерді насихаттаған абзал. Жасыратын ештеңесі жоқ, Қарағандыдағы кітапханалар өткен дәуірдің иісімен қалып қойған. Заман талабына сай жаңарып жатқан түгі де жоқ. Қызылордадағы, Түркістандағы соңғы үлгідегі кітапханаларды көріңіз. Ішінде жүре бергін келеді. Жаңа технологиядағы жабдықтармен қамтылған. Кітапты жатып та, кофе мен шәйінді ішіп отырып оқуға болады. Яғни, оқырман өзін жиі сезінуі үшін жағдай жасалған. Оңтүстік Корея мен Жапониядағы кітапханаларға қараңыз. Осы мемлекеттердің барлығы қазір алдыңғы қатарда. Президент осының бәрін біліп отыр.

– Биыл Жошы ұлысының 800 жылдығы. Қасым-Жомарт Тоқаев аста-төк той қылмай, кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу керек деп айтты. Мемлекет басшысы кит есе бәйге беріп, далаға киіз үй тігіп, дабырлап кететінімізді сынга алып отырған сияқты... Осындай қоятын уақыт жеткен шығар...

– Кино өндірісі дамыған елдерге қарап көрейік. Олар жатпай-тұрмай өз тарихын кинотуындыға айналдырып жатыр. Яғни, біз секілді «тарихымыз бай» деп құр кеуде соғып жүрген жоқ. Сол арқылы өз жастарын патриотизмге баулуға. Осы Алтын Орда туралы салмақты, сапалы кино түсіре алсақ, біраз шаруа атқарылады деп сенемін. Ұлттық идеологияны жасау дегеніміз – осы. Біз мұндай дүниелерді түсіре аламыз. Қолдан келеді. Кеше ғана экранға шығып, аз уақыт ішінде халықтың ыстық ықыласына бөленген «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Оян, қазақ!» фильмдері дәлел. Тарих десе, тек ғылыми-зерттеулермен, кітаптармен шектелудеміз. Бұл дұрыс емес. Керек десек,



тарихи жанрда түсірілген туындыларды өзге тілдерге аударып тастайық.

Сосын, киіз үй тігіп, қарынды қампайтатын заман өтіп кеткен. Бұны Президентіміз дөп басып айтып отыр. Алашапқынды қойған абзал. Бәйге, көкпар дегендерге тек ұлттық спорт ретінде қарауымыз тиіс. Ал, оған қыруар қаражат бөліп, жұртты сол жаққа сабылудың еш қажеттілігі жоқ. Сол қаражатты білім-ғылымға жұмсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Қайта-қайта ас беретіндей ешкім аш емес қазір.

Ел боламын дегендер білім мен ғылымға басымдық береді. Ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге ден қояды.

Ұлттық спортты дамыту арқылы ұлттық рухты көтеріміз деген жаңсақ пікір бар. Әсте олай емес екенін көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар жақсы біледі. Бүкіл әлем аттан түскен қазір. Қырдағы малының өзін дронмен бағатын заманға жеттік. Ат шаптырма демеімін, шаптыр. Көкпарынды тарт. Ұлттық спорт насихатталуы тиіс. Бірақ, ақан бюджеттен қыруар қаржы бөліп, алашапқын жасамайық. Жүз, мейлің, мың киіз үй тік. Бәрібір өткен дәуір қайтып келмейді. Әлемге өзімізді басқаша мойындағанын күн туып тұр. Бір күнде өте шығатын тойға жұмсалатын қыруар ақшаны ғылымға бағыттайық.

– Іштегі пікіріңізді бұқпай айтқаныңызға алғыс білдіреміз!

Сұхбаттасқан  
**Ерік НАРЫН**,  
«Ortalyq Qazaqstan»

# Әлеуметтік нысан құрылысында кідіріс жоқ

Жақында өткен Ұлттық Құрылтай отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет алдына ауқымды міндеттер қойды. Соның ішінде ірі инфрақұрылымдық бастамалар да айтылды. Президент айтқан салалар – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын жөндеу және жаңғырту, баспана құрылысы, әлеумет әлеуетін көтеретін қажетті нысан құрылысы болатын.

**Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ**,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Өмір сапасын жақсарту жолында

Жауапты министрліктер осы бағыттардың әрқайсысы бойынша тиісті жұмысты бастап кетті. Алда нақты көрсеткіштер бар және ол бойынша барлық мемлекеттік орган, әкімдіктер, квазимемлекеттік сектор мен бизнес компаниялар жұмылдырылуда. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларында әлеуметтік маңызы бар заманауи нысандардың салынуына баса мән беріледі. Оның айғақты мысалы – тәулік бойы қызмет атқара алатын заманауи кітапханалар құрылысы хақында әкімдерге тиесілі тапсырма беруі. Тұтастай алғанда, әлеуметтік нысандар салу өмір сүру сапасын жақсартуға даңғыл жол екендігін естияр жұрттың барлығы терең сезінеді.

Қазақстанның жүрек тұсында орналасқан өндірісті облыс елдің әлеуметтік және экономикалық дамуында сындарлы әрі шешуші рөл атқарады. Соңғы жылдары өңір өз тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін ілкімді істер атқарылып, әлеуметтік нысандардың құрылысына да ерекше мән берілуде. Қарағанды тұрғын үй құрылысының көлемі жағынан республика бойынша алдыңғы сапта екендігі аян.

Әлеуметтік нысандарды салу қажеттілігі мен өміршеңдігін бір мәрте саралар болсақ, қоғамның әл-ауқатын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын бірден-бір сала – осы. Өңірде, әлемнің көптеген басқа аймақтарындай, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың шұғыл араласуын талап ететін бірқатар әлеуметтік түйткілдер барлығы ешкімге жасырын емес. Осындай түйіндер қатарында жас отбасы мен аз қамтылған азаматтар үшін қолжетімді баспананың жетіспеушілігі, білім беру мекемелері мен балабақшалар санының мезгілдік кемшіндігі, денсаулық сақтау саласындағы өзекті сауалдар легі, соның ішінде медициналық мекемелер мен қызметкерлердің жеткіліксіздігі, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін әлеуметтік қызметтердің қаттығы да оқтын-оқтын төбе көрсетіп тұрады. Ал, әлеу-

меттік нысандар құрылысы осы осал тұстарды оңтайлы шешуге әрі халықтың барлық санаттарының жайлылық деңгейі мен өмір сүру сапасын арттыру үшін қажет.

## Өңірде

Соңғы жылдары Қарағанды облысында әлеуметтік нысандар құрылысы бойынша көптеген соны жобалар іске асырылғанына ел куәгер. Мысал үшін, жас отбасылар мен аз қамтылған азаматтарға арналған тұрғын үй кешендерін атап өтсек болар. Үкімет жас отбасылар мен табысы төмен адамдарға қолжетімді баспана беру жөніндегі бірегей бағдарламаларды белсенді қолдайды. Осы байыпты бағдар арқасында жаңа тұрғын үй кешендері салынды, сондай-ақ, қолданыстағы тұрғын үйлерге күрделі жөндеу және жаңғырту сәтін жүргізілді.

Білім беру мекемелері мен балабақшалар құрылысына келсек, мұны дамыту шеңберінде өңірде жаңа мектептер мен балабақшалар салынды, бұл барлық жас санатындағы балаларға білім берудің қолжетімділігін арттырды. Денсаулық сақтау жүйесін дамытуға да көп көңіл бөлінуде. Нәтижесінде жаңа ауруханалар, емханалар мен амбулаториялар салынып, қолданыстағы медициналық мекемелерді жаңғырту үдерісі жолға қойылды. Осы арада мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді орта құру жолымен, заманға лайықты етіп қажетті нысандарды салу шеңберінде мемлекет мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы жабдықтармен қамтуда да есте сақтайды.

## Мәселе төркіні

Өлбетте, әлеуметтік нысандар құрылысы халықтың өмір сүру сапасының айтарлықтай жақсаруына әкелгенімен, аймақ бұл жолда кейбір қиындықтарға тап болатынын да айқайтай кеткенді құп көрдік. Мәселен, қаржылық шектеулер. Белсенді мемлекеттік қолдауға қарамастан, әлеуметтік нысандарды салу жобаларын қаржыландыру негізгі сын-қатерлердің бірі болып қала береді. Бұл мәселені шешу үшін қосымша инвестиция тарту және шығындарды оңтайландыру қажеттігі күн тәртібінен әсте түспейді.

Әлеуметтік нысандарды салу жобаларын сәтті жүзеге асыру үшін жергілікті қоғамдастықтар мен азаматтардың белсенді қатысуы маңызды. Олар шешім қабылдау процесіне және билік қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуде септігін тигізетін сезіне түссе, қос тарапқа да пайдалы. Кез келген нысанды салу кезінде экологиялық аспектілерді ескеру және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту қажеттігі күн өткен сайын өзекті. Осы орайда «Ақылды қала», «Smart city» сынды жаһандық технология тетіктерінің жарқын мысалдарын үлгі еткен тиімді. Не десек те, әлеуметтік маңызы жоғары инфрақұрылым игілігі бұқара халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда теңдессіз тетік сыйлайды.

Енді кезек күттірмес кешеннің түрлі деңгейдегі үйлестірушілерінің бірі – облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы. Яғни, әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі. Басқарманың негізгі функцияларына өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс, сәулет және қала құрылысы қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру жатады. Бұдан бөлек, құзыретті мекеме 2 әлеуметтік-экономикалық индикаторға жауапты. Бұл: құрылыс жұмыстарының көлемі және тұрғын үйді пайдалануға беру.

– Президент тапсырмасына сәйкес, қазыналы аймағымыздың бар өңірінде, әсіресе, шағалы ауданында үш жыл ішінде тоқсаннан аса медициналық-амбулаториялық пункттер салу міндеті тұр. Назар заманауи әлеуметтік кешенді нысандарды салу, яғни, ескі ғимараттарды соған лайықтауға салынбақ. Айтпағмыз, кәдімгі ультара заманауи, led технологиялы өзекті нысандар. Ештеңе еңсеріміз емес. Бұған асықпай стратегиялық көзқарас таныту қажет! – деп мәлімдеді Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Абылай Смағұлов.

## Былыттар мен биыл

Өткен жыл қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі 2022 жылғы деңгейге қарағанда – 138,6%. Ал, ақшалай көрсеткіш 515,1 млрд. теңгені құрады. Облыста 547 бюджеттік пәтер пайдалануға беріліп, 347 пәтер жалға берілетін тұрғын үй сатып алынды. Облыстың осал топтағы



тұрғындары үшін үй кезегінде тұрғандарға барлығы 894 пәтер салынып, сатып алынды. Өңірлер бөлінісінде мынадай жағдай қалыптасты. Былыттар Қарағанды қаласы Белинский көшесіндегі 72 пәтерлік үйдің құрылысы сәтмен аяқталды. Балқаш шаһарында 45 пәтерлік үй салынып, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 84 пәтер сатып алынды. Приозерск қаласы бойынша 45 пәтер қолданысқа берілсе, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қосымша 60 пәтер сатып алынды. Тұрғын үйдің белсенді құрылысы өзге шаһарлар аумағында да қарқынды жүргізілуде. Мәселен, Саран қаласында 115 пәтер пайдалануға берілді. Абай қаласында жаңа 80 пәтерлік тұрғын үй іске қосылды. Теміртау қаласында жеке құрылыс салушы компания жаңа тұрғын үй салды. Оны әкімдік сатып алып, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 65 пәтер берді. Шахтинск қаласы бойынша 72 пәтер сатып алып, пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасы облыстың ауыл тұрғындарын да жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етуге соны мүмкіндік берді. Мәселен, 2023 жылғы облысымыздың барлық 7 ауданында 350-ге жуық пәтер салынып, сатып алынды.

Бұл жылы облыста 450 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланды. 2024 жылға арналған құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің болжамы индексі 2023 жылғы деңгейге қарағанда 104,7%-ды құрайды. Бюджеттен 3 бағыт бойынша 8,3 млрд. теңге сомасында қаражат көзделген. Жалға берілетін, кредиттік тұрғын үй салу және тұрғын үй сатып алу есебінен барлығы 1,0 мыңға жуық кезекте тұрғандарды қамтамасыз

ету жоспарлануда. Тұрғын үй құрылысы және сатып алу өткен жылдағыдай облыстың барлық өңірлерінде іске асырылатын болады. Әлеуметтік маңызы бар объектілерді салуға келсек, 2023 жылдың қорытындысы бойынша басқарма 17 нысанды пайдалануға берді. Олардың ішінде: Қарағанды қаласындағы 200 тосектік облыстық балалар ауруханасы. Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров, Шет және Қарқаралы аудандарындағы «Ауыл – ел бесігі» және «Ауылдық денсаулық сақтау жаңғырту» бағдарламалары бойынша 9 фельдшерлік-акушерлік пункт. Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарындағы 2 ветеринариялық пункт.

## Президент тапсырмасы аясында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қарағанды облысына сапары барысында облыс әкіміне «Саран» индустриялық аймағын инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді тапсырды. Өздеріңіз білетіндей, бұрынғы резеңке-техникалық бұйымдар зауытының аумағында «Yutong» автобустарын құрастыру зауыты іске қосылды. Ағымдағы жылы жылы шиналар шығаратын кәсіпорын жұмыс істей бастайды. «KamaTyres.KZ», «Артель» тұрмыстық техника зауытының құрылысы жүзеге асырылуда. Келешекте «Техноколь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу оқшаулағыш материалдарын өндіру, HOWO жүк автомобильдерін өндіру, тікелей тегіс құбырларын өндіру және басқа да өндірістер жоспарлануда.

Басқарма өткен жылы «Саран» индустриялық аймағына инженерлік желілердің 7 нысанын «салды». Ағымдағы жылы 5



инфрақұрылым нысандарының құрылысы аяқталады. 2024 жылы салалық басқарма «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруды жалғастырады. Қызметтік тұрғын үймен 94 жас маман қамтамасыз етіледі. Теміртау қаласының орталық ауруханасы үшін бас ғимаратқа қосымша бөлік салу жоспарлануда. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын жалғастыру шеңберінде жыл соңына дейін 27 ауылдық денсаулық сақтау нысанын іске қосу жоспарлануда.

Білім беру бағыты бойынша ағымдағы жылы Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылында, Қарқаралы ауданы Талды ауылында авариялық мектептердің орнына салынып жатқан 2 мектеп пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Қарағанды қаласы Күнге ауданында 600 орындық жаңа мектепті іске қосу жоспарлануда. Мектептегі жаңғырту мақсатында 3 қосымша ғимаратты пайдалануға беру және бір мектепті реконструкциялауды аяқтау межеленді. Мектептегі білім беру нысандарынан басқа биыл Әлихан Бөкейхан ауданында шығармашылық дамыту орталығының құрылысы аяқталады.

2022 жылғы 30 қарашадан бастап, Үкіметтің қаулысымен «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасы бекітілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында көрсетілген тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылуда. 2023-2025 жылдары «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша облыста 12 500 оқушыға арналған 18 мектеп салынады. Операторы – «Самұрық-Қазына Construction» ақционерлік қоғамы.

Жалпы облыстың 10 өңірінде 95 нысан іске қосылады деп күтілуде. Оның ішінде 40 денсаулық сақтау нысаны, 27 ауылдық медициналық ұйымдарға инженерлік желі тарту, 9 білім беру нысаны, 1 ветеринария нысаны, Саранда 5 инженерлік желі нысаны, 1 спорт нысаны. Жобалау жұмыстарына келетін болсақ, биыл басқарма тарапынан әртүрлі салалар бойынша 10 ауданда 124 жоба әзірлеуде.

Әлеумет әлеуетін әлді етуде қамданыс қарқынды, кідіріс жоқ.



# Ел үмітін су шаймасын десек...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал қазір ауылда оның бірі де жоқ. Тіпті, тұрғындар ауласындағы қарды да тазалай алмайды. Техникасы жоқ ұсақ шаруалардан пайда жоқ. Ауылдағы, даладағы қарға ие бола алмау салдарынан, қыста сірескен қардан жайылым таба алмай мал аштан қырылып жатыр. Осының басты себебі – ауыл шаруашылығы саласының құлдырауынан, – дейді Никанбай Иманғалиұлы.

Сарапшылардың ортақ пікірінен түйгеніміз – Кеңес өкіметі кезіндегі тасқын суға қамданыс, соған бағытталған шаруалар келмеске кеткен.

## «Мәселені бір ғана министрліктің мойнына артып қойдық»

Жасыратыны жоқ, жылда қайталанатын су тасқынын Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктеп қойдық. Мұны айтып отырған Water Hub халықаралық зерттеу орталығының директоры Анатолий Рябцев енді еріген қар суын өткізуге дайындық жүйесін қайта қарау керек деп есептейді.

Біріншіден, біз бәрін төтенше жағдай министрлігінің мойнына артып қойдық. Бұл дұрыс емес. Бұл салада 1972 жылдан бері істеп келеміз. Бізде бұрын шығын бойынша бюджет бабы да болатын. Тасқын суын апатсыз өткізуге бюджет қарастырылатын. Егер техникалық жақтырақ уақытта жөндемесеңіз, мұзды оймасансыз, су жолын дайындамасансыз, ертеңгі күні су жолды шаяды. Соған дайындалу керек. Бізде жергілікті билік шала-шарпы іс қылады, байыбына бармайды деп ойлаймын. Себебі, кейбір аумақта жыл сайын бір жерді ғана су басады, оны өткеріп алған соң, тағы тосып отырады. Алдын ала дұрыс шара қолданылмайды. Бұл жағдай бізде ақсап жатыр, – дейді Анатолий Рябцев.

Тасқынға қарсы жұмыстарға төтенше жағдай қызметінен гөрі сушылар көбірек араласса, жағдай оңалар ма еді?! Неге десеніз, су қоймалары мен су инфрақұрылымдарының жағдайын олардан жақсы білетін ешкім жоқ. Мұны да су сарапшысы айтып отыр. «Тісінше, бюджеттің бір бөлігі су ресурстары министрлігіне бөлінгені жөн. Сонда ғана тасқынмен күрестің салдарымен емес, себебімен күрес басталады», – дейді ол.

## «Су мамандығын тереңдетіп оқыту керек»

Әлеуметтік желіден су шаруашылығы саласының ардагері, инженер-гидротехник Әмірхан Кеншімөңгі айтқан ойын кезіктіріп қалғанымыз бар. Ардагер маман тәуелсіздік жылдарына дейін елімізде су шаруашылығына қатысты министрліктегі, оның қарамағында Жылжымалы механикаланды-



рылған лек, Өндірістік-техникалық жиынтық басқармасы, Су шаруашылығы жүйесін басқару басқармасы жүйесі жұмыс істегенін айтады. Онымен қоса, ол кезде су мамандарын сала-салаға бөліп оқытудың тиімділігі мол еді дейді.

«Алдағы уақытта мұндай жағдай қайталанбауы үшін су мамандарын дайындауымыз, ол үшін қыруар қаражат бөлуіміз қажет. Біз қазір су саласында кадр жағынан өте үлкен қиыншылыққа кезігіп тұрмыз. Бізде су ресурсы, су пайдалану деген бір ғана мамандық бар. Сол арқылы оқытып шығарады. Бірақ су пайдаланудың түрі көп қой. Әрқайсысын жеке-жеке оқыту керек. Мысалы, кезінде Жамбыл гидромелиорация құрылыс институты болатын. Сонда гидротехника мамандарды дайындайтын. Мелиорация гидротехнигі, жабдықтар гидротехнигі, сумен қамтамасыз ету сияқты әртүрлі мамандыққа оқытатын. Қазір ол жоқ. Сосын инженерлік-техникалық пәндердің бәрін алып тастады. Осы сүзді су менгеру мүмкін емес. Қазір су дегеннің атын біледі, ал бірақ немен басқару керектігін білмейтін, сызбаларды оқи алмайтын мамандар шығып жатыр. Сондай жағдайға жеттік. Мәселені дереу қолға алмасак, жағдай мүлде қиындай түседі. Сонымен қоса, арнаулы су шаруашылығы мекемелерін ашуымыз керек. Сонда ғана жылда су басу проблемасынан біртіндеп-біртіндеп құтыламыз. Бірден құтыла алмаймыз, ол мүмкін емес», – деген пікір білдіріпті белгілі су сарапшысы Әмірхан Қадірбекулы.

Ендігі өткен жылдың қыркүйегінде ғана құрылған су ресурстары және ирригация министрлігіне үлкен жүк артылады. Министрлік жасақтала салысымен Қазақстанда 2023–2029 жылдарға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге кіріскен еді. Ол жерде де білікті мамандардың тапшы екені айтылған.

Құжатта су шаруашылығы бойынша жылына бар болғаны 200 маман жоғары оқу орнын бітіретіні, 100 түлек орта техникалық білім алып шығатыны көрсетілген. Сонда түлектердің 22 пайызы ғана мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Бұған да сарапшылар көптеген жоғары оқу орнында оқыту тек «су ресурстары және суды пайдалану» бойынша жүргізілетінін, бірақ мұндай маңызды салаға «гидромелиорация», «өзен құрылыстары мен су электр станцияларының гидротехникалық құрылысы», «суару жұмыстарын механикаландыру», «су шаруашылығындағы экономика», «гидрогеология және инженерлік геология», «сумен бабықтау және су бұру» және «жердегі гидрология» сияқты мамандар қажеттігі көтерілген екен. Міне, су тасқыны кезінде бұл мәселенің күйіп тұрғаны тағы да айқын сезілді.

## «Қар суын қуаңшылыққа пайдаланса...»

Қазір Үкімет отырыстарында, министрліктер жиындарында тасқын мәселесі қаралып жатыр. Қалың суды қоймаларға барынша сақтап қалып, қуаңшылық кезінде қадеге жаратсақ деген ұсыныс айтылу үстінде. Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды.

Мамандардың айтуынша, мұндай әдіс Кеңес үкіметі кезінде тиімді қолданылыпты. Көктем кезінде еріген қар суын жайылымдық жер, шабындықтарға бұруды қолдана отырып, мұндай әдіс су тасқынының алдын алады әрі жерді ылғалдандырады. Бірақ, ол кезде канал, арықтар алдын ала тазартылып, су жүретін жолдар аршылып отырған екен. Соның арқасында еріген су дұрыс бағытпен ағып, елдімекендерді су баспаған. Ал, шабындық пен жайылымдық жерге жеткен су топырақты ылғал-

дандырып отырған. Соның арқасында жер мол өнім береді екен.

Бұл шаруаны шашу шығармай атқарса, онда аймағымызда әбден құрғаған жайылым, егістік жерлеріне жан бітер ме еді?..

Әрине, мол суды сақтап қалу үшін қоймалардың жеткілікті болуы да маңызды. Қазір тағы да ірі 20 су қоймасын салу жоспарланып отыр. Бұған да сарапшылар түрлі пікірін білдіріп жатыр. Тасқын мәселесін шешудің ең тиімді жолы осы десе, енді бірі оған бағытталған қыруар қаржыға технологияны жаңғыртсақ, инфрақұрылымды жаңартсақ деп жатыр.

Қалай болғанда да, елдің ұйғайы, малы суға кетіп, халықтың да «салы суға кетіп» шаршаған. Үкіметтің де шығыны – бұл. Нидерланд мемлекетіндегідей халықты су тасқынынан қорғайтын ең ауқымды «Дельта» бөгетіндей болмаса да, жаңа инженерлік жобаның қажеттілігі ауадай аңғарылып тұр.

«Дельта» бөгетінің негізгі ұзындығы 2,5 мың шақырым болса, көмекші бөгеттер 13 мың шақырымды құрайды. Бөгеттердің көбі теңіз тыныш кезінде ашық тұрады. Ал, дауыл тұрып, су деңгейі көтеріле бастағанда автоматты жүйе дабыл қағып, дамбалар жабылады. Тасқынға осылай тосқауыл қойған. Бөгеттер жел энергиясы арқылы жұмыс жасайды. 1953 жылы Нидерланд еліндегі тасқыннан 133 елдімекенді су алып, 1835 адам өпәт болған еді...

## «Отыз жылдағы ең ірі су тасқыны»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық штабтың отырысында осылай деді. Жұмыстарына немікүрайды қараған бірнеше билік өкіліне қатаң сөгіс және сөгіс берді. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің (Қазсушар, Қазгидромет) жобалау, сараптама жасау жұмыстарын сыныға алды. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп, жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды (су тасқыны, өрт және т.б.) модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсынымдар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуді жүктеді.

Тағы да атап өтеміз, «Дельта» бөгеті секілді жаңа инженерлік жоба қажет. Өуе ғарышы арқылы спутниктен түсірілген суреттерді пайдаланып, болжам жасау тетіктерін дұрыс пайдалануға алып отыру. Қардың қалыңдығын, жердің ылғалын, қанша су келетінін, су тасыса қай жерге ағауының, барлығын модельдеп жасауға әбден болады. Бұл жоғарыдағы мамандарымыздың түйін сөзі. Президенттің де талап етіп отырғаны – осы.

Ал, су шаймаған халықтың үміті мен сабыры ғана қалды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Ассамблея еріктілерінің асары



Еліміз үшін көктем оңайға соғып тұрған жоқ. Әсіресе, Шет ауданының тұрғындары зардап шекті. Осындай сәтте ауызбірлігіміз бен ынтымағымыз сыналады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қиындыққа тап болған адамға қамқорлық жасау – қанымызда бар қасиет» деп еді бір сөзінде. Халқымыз осы қасиеттен ажыраған емес. Қай кезеңде де қол ұшын беруге әзір. Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясының еріктілері Шет ауданының тасқын судан зардап шеккен ауылдарына гуманитарлық көмек жіберді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі жүк көлігіне тиелген гуманитарлық көмек Қарағандыдағы Достық үйінің алдынан аттанды. Жүк көліктеріне азық-түлік пен қажетті киім-кешектер, төсек-орындар салынған.

Гуманитарлық көмек жинау «Жүректен – жүрекке» деген Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы жобасы аясында ұйымдастырылды. «Жастар ассамблеясының» еріктілері жеткізумен және таратумен айналысады.

Бүгін гуманитарлық жүк тасқыннан зардап шеккен ауданға жіберілді. 20-ға жуық адамнан құрылған еріктілер тобы жиналған қаражатты жергілікті жерлерде бөлуді үйлестірді. Сонымен қатар, зардап шеккен тұрғындарға көмектесу үшін су басқан ауылдарға барады. Халқымыздың басына осындай қиындық түсіп тұрғанда үнсіз қалмауды жөн көрдік. Бұл шара – еліміздің ауызбірлігі мығым екенін дәлелдейтін сөзсіз. Қашанда қол ұшын созудан тартынбаған абзал. Осы жолда еңбектен әр азаматқа алғыс айтамыз, – деді «Жастар Ассамблеясы» РҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаев.

«Желел жәрдем» қызметінің жүргізушісі қарағандылық

Төреғали Берікалиұлы гуманитарлық жүктерді алып жүру үшін еріктілер қатарына алғашқылардың бірі болып қосылды.

Бүгін менің демалысым еді. Құр отырмай игі іске қатысуға бел будым. Мен тасқыннан зардап шеккен ауылдарға барамын. Барып қана қоймай, гуманитарлық көмекті таратуға көмектесемін. Белсенді азаматтық ұстанымымызды қазір көрсетпегенде, қашан көрсетеміз? – деді Төреғали Берікалиұлы.

Шет ауданына Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, өңірлердегі су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық штабының басшысы Ақбаржан Исмаилов, «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы, штаб басшысының орынбасары Тимур Жұмырбаев, су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі облыстық штабтың төрағасы Шамиль Осин аттанды.

Тұрғындар аудандық әкімдікке (8-71031) 21-5-09, 21-3-04 телефондары арқылы сұрақтарымен жүгіне алады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# Шет ауданына гуманитарлық көмек жетті

Қарғын судың астында қалған Шет ауданына қарасты ауылдарға гуманитарлық көмек көрсетілуде. Қарағандылықтар ауданның үй-жайларын су басқан ауылдарына көмек қолын созып, зардап шеккен азаматтарға қолдау білдіруде. Қоғам белсенділерінің және еріктілердің бастамасымен Қарағанды қаласында гуманитарлық көмек жинау бекеттері ашылды. Су басқан ауданға арнайы жүк көліктерімен киім-кешек, көрпе-төсек, тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлік тауарлары жіберілді. Аталған керуен су басқан аумақтарға келіп, тұрғындарға тұрмысқа қажетті заттар таратылуда. Бүгін Қарағанды қаласындағы Достық үйінің алдынан шыққан екі «Газель» көлігі тұрғындарға керекті заттарын жеткізді.

Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Су басқан аумақтардың тұрғындарына дер уақытында азық-түлік өнімдерімен бірге жылы киімдер, төсеніштер, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды жібергендерге көмек алған жұрт алғысын жаудырды.

Бірлігі жарасқан елдің жана-шырылығы сыналанып шақта жергілікті әкімдіктер мен мәслихаттар, депутаттар, партияластар, бюджеттік және азаматтық ұйымдардың өкілдері, дін қызметкерлері, жастар тарапы белсенділік танытып, халықтың күші бірлікте екенін тағы бір мәрте дәлелдеп, көмек ұсынуда. Үйімізді су басқалы қолшын берген жандар қаншама. Гуманитарлық көмек ұсынылып жатыр. Қарғын судан зардап шеккен ауылдағы ағайынға жақсылық жасауға асыққан қараған-

дылықтарға, басқа да республикадан көмек жолдаған азаматтарға алғысын шексіз, – дейді Қайрақты ауылының су тасқынынан зардап шеккен тұрғыны Талғат Шәріп.

Сонымен қатар, Төтенше жағдайлар министрлігі, «Біз біргеміз» қоры өкілдері Қайрақты ауылына тікұшақпен азық-түлік, жылы киімдер, және дәрі-дәрмек жеткізді. Жергілікті тұрғындармен кездесу ұйымдастырылып, жапа шеккендерге таратылды.

Шет ауданы әкімі аппаратының төтенше жағдайлар бойынша бас инспекторы Олжас Төлеубаев қаптарды инертті материалдармен толтыру, оларды су басу орындарына тәуіс, қаналдар мен арық жүйелерін нығайту және арнайы құрылғылармен тұрғын үйлердің ауалары мен көшелерінен қар суын сору, сонымен қатар, елдімекендерде апатты хабарлау және адамдарды қауіпсіз жерге эвакуациялау жұмыстары жүргізіліп жатқандығын мәлімдеді.



Билы ауа райының күрт жылынуы елдімекендер мен жолдарға үлкен қатер төндірді. Алғашқыда Мойынты, Ақадыр кентін әбігерге салған тасқынның тосын мінезі аудан орталығы Ақсу-Аюлыда анық байқалды. 29 наурызда «Ақсу-Аюлы-Ақтоғай» тас жолын басты. Екі бетон суағар мұнша мол суды өткізіп үлгермеден соң жолдан асып, салынып жатқан «Алматы-Екатеринбург» тасжолын «БАҚ» кафеіінің

аумағын басып, төтенше жағдай орын алды. Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерінен кезекшілік қойылды. Төтенше жағдай қызметінің жасақтары, аудан әкімдігінің, Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімдігі, мекеме қызметтосын мінезі аудан орталығы Ақсу-Аюлыда анық байқалды. Жолдағы барлық көліктер тоқтады. Ауданда төтенше жағдай жарияланды. Желел жасалған шаралар арқасында судың беті қайтып, Құмжондағы үйлер аман қалды. Шет ауданының әкімі Мұхит Мұх-

таров желі арқылы орын алған төтенше жағдайға байланысты аудан тұрғындарын жолға шықпауға шақырды. Ақадырға қарай шыға беріс жақтағы жолға лезде топырақ, құм төгіп, судың бетін қайтарып үлгерді. Тәулік бойы кезекшіліктер ұйымдастырылып, суағарды қолдан жасалған жалпақ темірмен бірде жауып, бірде ашып, су деңгейінің көтерілуіне жол бермей, бақылауда ұстады, – деді Олжас Төлеубаев.

Бас инспектордың айтуынша, Шерубай-Нұра өзеніндегі су

деңгейінің арнасына сыймай көтерілуіне байланысты Қайрақты ауылынан 67 адам, оның ішінде 32 бала алдын ала эвакуацияланып, Ақсу-Аюлы ауылындағы туыстарына орналастырылды. Малдар тауға қарай – биік жерге өріске шығарылған. Ауылда он үйге су кірген. Сонымен қатар, 15 үйді су басу қаупі болған. Инертті материалдар төсеу жұмыстары жүргізіліп, уақытша ұзындығы 600 метр бөгет жасалған. Сондай-ақ, су деңгейінің жоғарылауына байланысты Қрасная Поляна ауылдық округінде 6 үйді, Деріпсалы ауылында 1 үйді су басқан. Шерубай-Нұра өзені арнасына сыймай Нұраталды округіне қарасты Ақсу ауылының жағада орналасқан бөлігіне су жайылған. Су салдарынан 24 үйге су кіріп, 119 адам эвакуацияланды оның ішінде 40 бала олар жолдың оң қабақтағы үйлерге орналастырылған. Аудан әкімдігінде су тасқынының алдын алуға арналған жедел штаб тәулік бойы жұмыс жасауда.

Айта кетейік, «Қол жұмылмай, жылынбайды» деген аталы сөзді ұстаным еткен белсенді азаматтар ел басына құн туған қиын сәтте қарап қалмайтындығын және қабылдау пункт аптаның соңына дейін жұмысын жалғастыратындығын жеткізді.

Шет ауданы Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Әйел қауіпсіздігі – әлем қауіпсіздігі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құзырлы органдар әйелге қатысты зорлық-зомбылықтың болуына көп жағдайда үйдегі ер азаматтың ішімдікке тәуелді болуы, маскүнемдік әрі құмар ойынға тәуелділігі әсер ететінін айтады. Таяуда депутаттардың бастамасымен «Әйелдер құқықтары мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша» Заң жобасы талқыланды. Депутат Жұлдыз Сүлейменова жобаны Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмаларын іске асыру аясында депутаттар бастамасымен әзірленгенін атады. Заңнамалық түзетулер 5 бағытты қамтиды.

Біріншісі – зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездікке немесе адамның ар-намысын қорлауға жол бермеуді көздейтін норма.

– Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруге – 200 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы қарастырылады. Дене жаракатын келтірген, бірақ, денсаулығына жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау – 80 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға негіз болады, – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқық бойынша тәуелсіз кеңесші Татьяна Чернобилдің пікірінше, әйелдердің қоғамдағы, отбасы мен мемлекеттің институттардағы орны бөлек. Отбасында қазақ әйелінің бейнесі – сөздің тура мағынасында «асыраушы» болып табылады. Ол – ана және үй шаруасындағы әйел. Қазіргі таңда отбасының қалыптасуы өмір сүруі әйелге байланысты, ал, егер ерлі-зайыптылар бөлек кетсе, қоғам бұл үшін де әйелді кінәлайды. Олар отбасын құтқара алмағанын, ер адамды бағаламағанын айтады.

– Занда барлығын қорғауға кепілдік берілді. Мысалы, жыныстық зорлық-зомбылық мәселелерінде әйелдер қорғанысы. Заң бойынша ұсақ бұзақылық ретінде қарастыруды ұсынатындар бар. Іс жүзінде әйел қылмыскерді жазалап, өзін қорғай алмайды, – дейді Татьяна Чернобил.

Тәуелсіз кеңесшінің айтуынша, әйелдерді тек бала туып, күнделікті тірлікпен



Сурет ашық, лицензиясыз

айналысуы үшін жай ғана қамқоршы ретінде пайдаланудың қажеті жоқ.

Дүние жүзіндегі адам құқықтарын қорғайтын Human Rights Watch ұйымы қазақстандықтарға тұрмыстық зорлық-зомбылықты бөлек қылмыс санап және агрессорға қарсы санкцияларды күшейтуге шақырған. Ұйым мамандары мемлекеттің қорқыту мен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа әлсіз реакциясы әйелдерді әділеттілікке сендірмейтінін айтқан.

– Құқық қорғау органдары мен соттар тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арыздарға дұрыс жауап бермей, немқұрайлы қарағандықтан, көп агрессор жеңіл жазамен құтылады. Әйелді қорғаудағы басты кедергінің бірі – кәсіби даярланған әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және заңгерлердің жетіспеушілігінен, – дейді Human Rights Watch ұйымының өкілдері.

Қарағанды облысының полиция департаментінің мәліметінше, биыл облыста әйелге қатысты тұрмыстық қылмыстар азайған. Олардың құрылымында кісі өлтіру 50%-ға, сондай-ақ, орташа дене жаракаттары 28,5%-ға азайды.

– Зорлық көрген және қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдер мен балаларға психологиялық және әлеуметтік көмек көрсететін 7 дағдарыс орталығы жұмыс істейді. 67 орынға негізделген орталыққа

қазіргі таңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған 37 адам (оның ішінде, 24 әйел және 13 бала) бар, – дейді полиция департаментіндегілер.

Сондай-ақ, құқық қорғау органы өкілдері «қазіргі таңда сотқа жететін істер аз, себебі, әйелдер, сотқа барғысы келмей, «Неге мен өзімді көрген көзбен немесе сыңан қолыммен ұятқа қалдыруым керек?» деп санайтынын айтады.

Процессуалдық кодекс бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын дәлелдеу ауыртпалығы қазіргі таңда жәбірленушінің өзіне жүктелетінін де атап өтті. Бұған дейін бұл қызметті сот-медициналық сараптамаға жіберетін қызметті полиция атқарса, қазіргі таңда құрбан болғанын жәбірленушінің өзі дәлелдеуі керек. Сондықтан, егер әйел зорлық-зомбылыққа ұшыраса, алдымен сотқа жүгінуі тиіс. Содан кейін барып, сот-медициналық сараптамаға жібере алатындай құқық қорғау органдарының қызметіне жүгінген дұрыс.

Қазақстандағы «Дағдарыс орталықтары» одағының басшысы Зульфия Байсақова әйелдер мен балалар құқығының бұзылуына қатысты орта есеппен 20 мыңнан астам адам сенім телефондарына хабарласатынын айтады. Орталық басшысының пікірінше, ер адамның «отбасын сақтайын» деген жауапкершілігінің жоқтығын ескермейтін қоғам, көп

жағдайда бар кінәні әйелдің мойнына іліп қояды. «Ажырасса да, күйеуі қол көтерсе де, мүгедек бала туса да, әйел кінәлі» деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан, көп жағдайда әйелдер зорлыққа шыдауға мәжбүр.

– Біз мәдениетті, бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына кіруге тырысамыз. Көршілер бұзық болса, полиция шақырмайды. Осындайды көрген бала өзінің де солай істей алатынын және жазасыз қалатынын түсіне бастайды. Ол қазірдің өзінде отбасынан асып, көшелер мен мектептерге келді, – дейді Зульфия Байсақова.

Зорлық-зомбылықты жеке құқының бұзылуына санайтын ХХІ ғасыр жастары жетілуге құштар. Мәселен, танымал боксер қыз Айгерім Қаржасқызы (аты-жөні өзгертілген) өз-өзін қорғауды үйренуді бала кезінен армандаған.

– Бір «әттеген-ай» менің де ішімде жатыр. Әкем аямды ұрып-соққанын көріп өстім. Кішкентай кезімнен аямды қорғағым келетін. Әкеме әлім келмейтін. Қазір бокстың арқасында өзіме сенемін, күш пен мінез бар. Кез келген жерде өзімді қорғай аламын, – дейді ол.

Зорлық-зомбылықты жасырудың қажеті жоқ. Егер адам жәбірленушіге айналған болса, жәбірленушіден сақтанғаны жөн. Дерек құқық қорғау органдарына немесе 150 нөміріне хабарласуы қажет.

• СЕМИНАР

## Кәсіби біліктілік – даму кілті

«Мен экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор екенін үнемі айтып жүрмін. Бұл мемлекеттік тілдің болашағы үшін де өте маңызды. Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс», – деген елі Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында тіл мәселесін көтеріп. Осыған орай жуырда облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығы өзара ынтымақтастық байланыс аясында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен бірлесіп, «Мемлекеттік тілді оқыту үдерісі және сандық технология» тақырыбында облыстық семинар өткізді.

Семинар мемлекеттік тілді оқытудың әдістемесін жетілдіріп, оқыту үдерісінде сандық технология мүмкіндігін пайдалану жолдарын насихаттап, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатын көздеді. Семинарға жоғары оқу орындарының оқытушылары, облыстық және қалалық тілдерді оқыту орталықтарының оқытушы-әдіскерлері қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Шара барысында «Сандық технология: мемлекеттік тілді оқытудағы жаңа серпін», «Жаппай ашық оқу курсы – қашықтықтан оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру тәсілі», «TBL (Team Based Learning) әдісін қолданудың тиімділігі», «Қазақ тілін ІТ арқылы меңгерудің тиімділігі», «Сандық технология аясында қазақ тілін үйретуде веб-оқулықты қолдану» тақырыптарында баяндамалар тыңдалды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісінің міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қарлығаш Хамзина және аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі Қарлығаш Нұржанова университеттің электронды порталында әзірленген «Қазақ тілі» В1 деңгейі бойынша «Жаппай ашық онлайн курсы» туралы баяндама жасады. Аталған курс оқу құралы ретінде баспадан жарық көрген және авторлық құқық иеленген.

Жаппай ашық онлайн курстары – қашықтықтан оқытуға тиімді технологиялардың бірі. Ол білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара байланыс негізінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын білім беру түрі. Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция орын алуға. Яғни, ақпараттық жедел ағындары, жоғары технологиялық жаңалықтар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларында қолданылады.

Біздің ұсынған «Қазақ тілі» В1 деңгейі бойынша «Жаппай ашық онлайн курсы» туралы баяндамамызда курстың артықшылықтары қарастырылған. Олар білім беру сапасын арттырады, тіл үйренуші жаңа технология тілін түсінеді, бағалауды бәріне түсінікті етеді, тіл үйренушісі өз еңбегіне жауапты болуға тәрбиелейді және тіл үйренушісінің оқуға деген ынтасын қалыптастырады. «Жаппай ашық онлайн курсы» кезінде тіл үйренуші қазақ тілінің төрт дағдысы (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгерілетінін айтуға болады.

Облыстық семинар барысында әріптестер арасында ынтымақтастық орнап, ұтымды ұсыныс-пікірлер айтылды.

Барлық қатысушыларға сертификат табысталды.

Қарлығаш НҰРЖАНОВА,  
Гүлмира САҒАТОВА,  
Әбілқас Сағынов атындағы  
Қарағанды техникалық  
университеті  
қазақ тілі және мәдениеті  
кафедрасының  
аға оқытушылары

• КӘСІПКЕРЛІК

## Олжасы орасан орталық

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Қарағанды облысында жылына мыңнан астам әйел өз ісін бастауға немесе бизнесін кеңейтуге мүмкіндік алады. Бұл ретте оларға өмірлік кәсіпкерлер палатасының Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы көмекке келді. Әйелдер кәсіпкерлігі жайлы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгінде, еліміздің қыз-келиндері түрлі салада қызмет етіп, табысқа жетуде. Бұл – сіздерге тән еңбекқорлық пен іскерліктің айқын көрінісі. Әйелдердің қоғамдағы ролін кеңейтуге түсу – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Осыған орай нақты шаралар қолға алынды. Соның арқасында еліміздегі шағын және орта бизнес саласында еңбек ететін әйелдердің үлесі 43%-дан асты» – деген болатын.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы орталыққа 800-ге жуық кәсіпкер жүгінген. Кеңес алғандар кәсіптік оқудан да өтті. Ал, офлайн форматта 300-ден астам әйел оқу курстарына жүз адам бизнес құзыреттілігін және жеке даму үшін онлайн-тренингтерге қатысты. Курстар тігін өндірісі, киім дизайны, СММ, кооперация, салық және бухгалтерлік есеп, ментальды арифметика, бизнесті жүргізудің құқықтық аспектілері тақыры-

бында түрлі бағыттарды қамтыды.

Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының кеңесшісі Арайлым Серікбайдың айтуынша, он компания EFQM халықаралық моделі бойынша бизнес-стратегияны дамыту әлеуетін анықтау үшін бағалау жүргізген.

Айта кеткен жөн, 2022 жылдың наурыз айында ашылған Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының барлық қызметтері тегін.

Сурет ұйымдастырушылардан

## Бизнестегі аруларға – «Үміт» бағдарламасы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әйелдердің қоғамдағы ролін кеңейтуге түсу – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі» деп әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуына, еңбек құқығының сақталуына жағдай жасауды тапсырған. Елімізде әйелдердің қоғамдағы ролін арттыру, құқықтарын қорғау бағытындағы жобаларға қолдау көрсетілуде. Жакында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Әйелдер бизнесін қаржыландыратын «Үміт» бағдарламасына 10 миллиард тенге бөлді.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Үміт» бағдарламасы кәсіпкер бизнесін дамыту үшін мол мүмкіндік ұсынады. Бағдарлама аясында Қазақстанның барлық өңірі, соның ішінде, ауыл, шағын және монокалалардағы кәсіпкер әйелдер екінші деңгейлі банктер арқылы несие алады. Инвестиция және айналым қаражатын толықтыруға берілетін несиенің мерзімі – 84 айға дейін. Шекті сомасы – 100 миллион теңге. Қолдау экономиканың барлық секторын қамтиды. Тек қаржы және сақтандыру саласы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар және көтерме-бөлшек сауда ғана кірмейді.

Сондай-ақ, бағдарлама аясында аруларға «Даму» қоры Еуропа қайта құру және даму банкімен (EBRD) әріптестігі аясында тегін оқу курстары мен тренингтер ұсынады. Бұл халықаралық

ұйыммен бірлескен бағдарлама кәсіпкер әйелдерге бизнесті басқару және нарықтағы табысты бәсекелестік үшін қажетті кәсіби машық, білім мен құралдарға ие болуға мүмкіндік береді.

– Үкімет Қазақстандағы шағын және орта бизнесті, оның ішінде, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға көп көңіл бөледі. Шағын және орта бизнес иелері құрылымындағы әйел кәсіпкерлердің үлесі «Даму» қоры қолдаған жобалардың жалпы санының 47%-ына жетті. Қор жұмыс істей бастаған уақыттан бері әйел кәсіпкерлердің 96 мың жобасына 2 893 млрд. теңге сомасында қолдау көрсетті. Бизнестегі арулар бизнес-идеяларын жүзеге асыру, компаниясын дамыту мен жаңа жұмыс орындарын ашу үшін берілген мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланатыны қуантады, – деп мәлімдеді «Даму» қорының Басқарма төрағасы Гаухар Бөрібаева.



Сурет ашық, лицензиясыз

• ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

## Академикке Қарағандыдан көше берілсе...

Академик Әлкей Марғұланның қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі, ауыз әдебиеті, қолданбалы өнері, археология, сәулет өнері туралы жазылған еңбектері халқымыз үшін өте құнды.

Әлкей Хақанұлы – Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Осы тұста ғұлама ғалымның онегелі өмірі мен мол мұрасы туралы өзім білетін бір тарихи естелікпен бөліскенді жөн көрдім.

Әлкейдің жездесі – Жаман, апасы – Жақсипа. Шын аты – Жақима, кейін білдік. Жаманның ұлы – Әуан, жұбайы – Мәкен. Әуанның ұлы – Құрақпен Екібастұз қаласынан 60 шақырым жердегі, бұрынғы Екібастұз кен шаруашылығы, қазіргі Төртүй

ауылында бірге тұрдық. Біз сол ауылда ата-әжемнің қолында өстік. Рулас болғандықтан ата-әжеміз ол кісілермен өте жақсы араласты.

Жаман аға жүз жастан аса өмір сүрді. Бойы кішірек, өте ширақ болды. Үнемі жаю жүретін. Токсан жастан асқанда атпен қасқыр соғып алғаны бар.

Жақсипа апа – ісер, он сауағынан өнер тамған адам болды. Ауыл әжелері кімешектерін сол кісіге тіктіретін. Ол кезде әжелер кімешек киетін. Токсан жасқа жақындап қайтты.

Әнуар аға Ұлы Отан соғысына қатысқан, ауылдағы ауруханалар дәрігер болды. Зейнеткерлікке



Әлкей – туыстар арасында, 1973 жыл

кей Марғұланға ескерткіш қоймақ түгілі, көшеге аты да берілмеген.

«Әлкей – академик емес, академияның өзі» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, осындай халқымыздың ұлы перзентіне қаламызда ескерткіш қойылып, көшеге, мектепке атын берсе, артық болмас еді. Мамыр айында Әлкей Марғұланның 120 жылдық тойына қарсы осы мәселе шешімін табады деп сенеміз.

– Әлкей Хақанұлы – қазақ ғылымына сүбелі үлес қосқан соқталы тұлға. Оның тарихи орындарға жасаған зерттеулері ел ғылымының үлкен олжасы десек, артық айтқандық емес. Ғұлама ғалым зерттеулерінің басым бөлігін Қарағанды облысы аумағында жүргізді. Аймақ тұрғындары оның ұшан-теңіз еңбегін жақсы біледі. Енді, сол өлшеусіз мұраны жастарымызға танытып, насихаттау үшін Қарағандыдан ғалымның атына көше беру бастамасын қос қолдап қолдаймын. Мектепке есімін берсе де, тіпті, ескерткіш орнатса да артық болмас еді. Ғылым – мемлекетті дамытуды жеделдететін басты фактор. Ендеше, Әлкей Марғұланның сияқты дара дарындардың есімін, еңбегін кеңінен насихаттау – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан, ең болмаса, Қарағандыда Әлкей атындағы көше болса, ғұламаға көрсетілген құрмет болар еді. Бұл пікірді көзі қарақты оқырман қолдайды деп ойлаймын, – деп бөлісті ұлағатты ұстаз Мартбек Күзембаев.

Сәкен КЕЛДІБАЕВ,  
зейнеткер

Суреттер  
Мырзақәрім Хақановтың мұрағатынан



Академиктің соңғы суреті

шыққасын Екібастұз қаласына көшіп келіп, 95 жасында өмірден озды.

Мәкен жеңгей біздің бала кезімізден бастап, дүкенде сатушы болды. Бір қалыпты, мінезі жайлы, адамды жақын тартып тұратын адам еді.

Құрақ – менің Совет ағаммен он жыл мектепте бірге оқыды. Спортқа өте жақын еді. Футбол, зилтемір көтерумен шұғылданды. Екібастұз қаласында 50 жастан асқанда дүниеден озды. Құдайға шүкір, соңында балалары, немерелері қалды. Енді, қазір, «Біздің бала кезімізде, мектепте оқып жүргенде Әлкей ауылдағы туыстарына келген шығар, жас болып ескермедік пе?» – деп те ойлаймын.

Әлкей Марғұланның ғұлымдағы өмірінің 40 жылын Орталық Қазақстанға арнады. Оны бүкіл Қа-

зақстан біледі. Әсіресе, Қарағанды, Жезқазған және Ұлытау өңірі.

2019 жылдың қараша айында Екібастұздан Қарағандыға балалардың қасына көшіп келген соң Әлкейдің інісі, Алаштың баласы, яғни, немере інісі Мырзақәрім Қаханов ағамен жақын араластым. Мырзақәрім аға көп жыл Қарағанды өңірінде ветеринария саласында ауландық, облыстық деңгейде қызметте болған. Қазір зейнеткер.

Алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы Мырзақәрім аға – тұнып тұрған тарих. Әлкей Марғұланның он сан орта жүзге ұран болған, Абылайдың тұсында туын ұстап, ерлігімен ел құрметіне бөленген Олжабай батырдың төртінші ұрпағы. «Олжабай есен болса – ел аман» деген сөз содан қалған. Жасыбай батыр – Олжабайдың жиені. Академик Ә.Хақанұлы Әли-

хан Бөкейхан, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Жұмат Шанин, Әлімхан Ермеков, Жайық Бектұров сынды Алаштың біртуар азаматтарын жақсы білген. Олар туралы тың әңгімелер айтып, есімдерін мақтанышпен атаған. Машһүр Жүсіп Көпейұлымен де жақсы араласқан.

Әлкейдің қызы Дәлел апамыз Алматыда, әкесінің үйінде тұрады. Мырзақәрім аға мен Рая жеңгей ұл-қыздарынан немере, жиен сүйген абзал жандар. Балалары Астана қаласында әр салада қызметте. Жастары келгесін, Астана қаласына балаларының қастарына көшуге дайындалып отыр. Үйінде болып әңгімелескенде, осы күнге дейін белгісіз себептермен шешімін таппаған бір мәселені айтты. Қарағанды қаласында Әл-

• ТАНЫМ

## Ыза сырлық – халық соты байырғы

Қазақ тіліндегі әрбір сөздің өзіндік ыза-назасы, сән-салтанаты, зарарсыз заңы, мәрт мінезі бар. Тіл тарихында өзінің мәнін ешбір өзгертеін тұрақты, құқықтық мықты негізі бар іргелі сөздің бірі – «Ыза сырлық».

Қазіргі сөздік «Ыза сырлық – ертедегі білім алушы шәкіртті оқымағаны үшін жазалайтын шыбық. Оқу тәртібін бұзғаны үшін жаза тартқызу, дүрелеудің бір түрі» деп түсіндіреді. Дүре жазасының әрбір соққысы «берес» деп аталған. Қазақтың «алты аласы, бес бересі жоқ» дегені де тәртіпке, қарым-қатынасты реттеуші заң ережесіне сай шыққан.

«Ыза сырлық» шыбық деп түсіндіру бұл сөздің алғы қызметі ұмытылып, байырғы мән-мағынасы өшкендіктен болған шаруа. «Ыза сырлық» бойындағы «шыбық» пен «сырық» сөздерінің бейнелері әртүрлі, шыбық-жіңішке, солқылдақ ағаш; сырлық-жіңішке келген ұзын ағаш. Тіл заңына сәйкес әрбір сөздің мән-мағынасы өзіне міндеттелген, атқаратын қызметіне қарай анықталады.

Сол себептен, біз «Ыза сырлық» сөзінің ішкі сырын оның әуел бастағы қызметі арқылы анықтап көрейік.

Ерте, ертеде... есте жоқ ескіде, аншылықпен күн көрген кезеңде адам баласы ұшы үшкірленген істік ағашты пайдаланған. Алғашқы адам қауымы бірігіп, қауымдасып, қосылып, ұйымдасып шаруашылық жүргізбесе, түр ретінде жойылатынын ерте ұққанын көреміз. Бірігу мен қосылудың бір символы – Қазық. Ертеде қазақ даласы «Қазық» деп аталған. Көне иврит тіліндегі «Ха-з-қ» сөзінің мағынасы – «байлау», «біріктіру».

Әр сөздің пайда болуы, байланыс қазығы – қажеттілік заңы, қажеттілік мәжбүрлейді. Әркімнің бірінші қажеттілігі – өмір сүру құқығын қорғау, сақтау. Әрбір алғашқы символдың негізгі атқаратын қызметі – қорғансыз. Қаздауысты Қазыбек бидің сөзі соны растайды:

«Біз – қазақ деген қырда қой баққан елміз,  
Жүйрік жаратып, қымызға бие байлалған елміз».

Дәм-тұзды ақтай білген,  
Достықты сақтай білген,  
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз!  
Төрімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Туырлыққа ту іліп,  
Қынан қылыш суырып,  
Көк найзаның ұшына күдері үкі таққан елміз!»

қылып байлап тастайды. Шығыс жаққа қарата құрылған үш найзалы есік арқылы жеңілген жақтың



Сурет ашық перзенттен

Үкілі көк найза – егемендіктің, тәуелсіздіктің, тұтастықтың, мемлекет жерінің бөлінбестігінің белгісі. Көк найзаның ұшындағы «күдері» – әбден иі қанып жұмсартылған тері. Соғыста найзаға, балтаға, бас киімге тез шашылып қалатын құс қауырсынын, жүнін тақпайды.

Атам қазақ аттан әлі түспей жүрген көк найза заманында соғыс майданы үлкен кеңістіктерде өткізілетін. Жеңген жақ түзе бүккен ел-жұртты өз қатарына қосып алатын заң болатын. Елге ел қосылса, ырыс-береке. Қосын болу үшін жеңілген әскер майдан төрінде құрылған мемлекеттік белгі «Ыза сырлықтан» өтуге тиіс-тін.

Бір мезетке көз алдымызға кең жазыққа құрылған киіз үйдің екі босағасы мен маңдайшасын елестетіп көрейік. «Ыза сырлық» құру үшін қан майданның төрінде үкілі үш найзаны қолға алған. Екі босаға есебінде жерге екі үкілі найза қалаған соң, маңдайша ретінде үшінші найзаны екі босаға-найзаларды жоғары жағына біріктіріп, ұстап тұратындай

әскерін қарсы беттегі төре отырған жеңімпаз ханның алдынан өткізеді. Әріден келе жатқан бұл ескі дәстүрді Рим империясының тарихында «Subiucummitti» – «Ыза сырлықтан өткізу» деп атайды.

Латынның «iugum» (иго) зат есімі «iunctus» деген етістіктен шыққан, мағынасы – қосылу. Кейінгі тарихшылар «иго» сөзіне «қиындық, қорлық» деген теріс мән бере бастайды. К.Қайыржанның «Сөз сандығы» жинағында да «Ыза сырлыққа» – қорлық, қиындық деген анықтама берілген.

Әрине, қазіргі адамға «Ыза сырлық» тезінен өту жеңілген жақтың намысына тиетін іс-шара болып көрінгенмен, ол замандардың заңына сай бұл рәсім бейбіт келісімге қол қоюмен, ескінің жаңаруымен тең еді.

Абай тіліне жүгінсек, «Ыза сырлықтан» өту – әркімнің қабірден әрі өту ісімен тең. Абай: «Әділеттік, арлылық, махаббатпен, үй жолдасың қабірден әрі өткенде» деген сөзінің ішкі сырғына үңі-

лейік.

Ықылым замандағы «Ыза сырлық» қақпасының сыртқы сұлбасы қазақтың киіз үйінің ағаштан жасалған ішкі есігі сықырлауыққа ұқсас емес пе? Есіктің қызметі өзінің атауынан көрініс беруде. Бір күйден екінші бір күйге өту, болмыс.

Бізге туыс Саха елінің бұрынғы «Өлекмін» өлкесінде халық сотының отырысы өтетін орман алаңқайын «ан дриду ычыт» деп атаған, мағынасы – жаратылыс қақпасы, әлем есігі. Саха «Ыза сырлық» сөзінің біз ұмытқан қызметін дұрыс ашқан екен: «Халық соты – құдайға апарар жолдағы алтын қақпа».

Сонымен, Абай атап өткен үш үй жолдасың болса, халық сотынан дін аман өтетін. Үштің бірі болмай қалса, құдайға қайтар есік мәңгі жабық күйде қала бермек, жалғыз әділеттік жарамайды, арлылық пен махаббат болмаса.

Саха елінде сияқты көне Рим қаласындағы атақты қорым «Романо форумда» еркіндік символы деп есептелген «силена Марсия» статуясының жанында анық сот процестері өткізіліп отырған.

Сол іспеттес, құрамы жүз еразаматтан тұратын «Court of the Hundred» – деп аталатын азаматтық істер қарайтын сот алқасының сот отырыстары өтетін жердің белгісі ретінде жерге үкілі найза қадап қойған.

Бағзы заманғы герман тілінде халықтық ашық жиындарды «Thing» (тинг) деп атап, қаралып жатқан іс бойынша қабылданар шешімге қолдау білдіргенде халық қолдарындағы қысқа ағаш сапты ұшы үшкір найзаны көкке көтеріп дауыс берген.

Найзаның қоғамдық, мемлекеттік құқықтық мән-мағынаға ие тағы бірнеше қызметі бар. Римде найзаның астында құлдарды, мемлекеттік меншікті сататын. Бұл – артықшылық құқығының белгісі.

Найзаның дәл осындай артықшылық құқықтық белгісіне ие болуына меншік құқығы, тұрмыс-тіршілік, күнкөріс заңы себепші. Алғашқы аңшылар өз қолдарынан шыққан найзаны пайдаланған. Әр ісмер соққан найзаның қым-ұшында өзіндік ерекшелігі болған, сол белгі бойынша кімнің найзасы аңға қаза келтірген жаракат салғаны анықталып, сол найзаның иесі табысты болуде үлкен үлеске артықшылық құқығы пайда болған.

Меншік құқығы болған соң оны қорғаушы қызметін атқаратын құрылым қажеттілігінен мемлекет институты дүниеге келіпті. Мемлекет міндеті – адамды

ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғау. Айттылған барша сөзді түйіндесек, «Ыза сырлықтың» құқықтық философиясы – бірігу, келісім мен сенімге негізделген, сыннан өткен тұрақтылық. «Ыза сырлық» – сын, сот, арылу, ағару процесі. Тыныштықта тыным табу, тоқтау. Терең ойлы сап таза келісімге қол жеткізу.

Көне «Ыза сырлық» сөзінің түпкі, алғы, өзіне ғана тән құқықтық негізін анықтауға мүмкіндік беретін дәстүр, рәсім туралы мәлімет қырғыз тілінде сақтаулы. Қырғыз халқы нәрестені бөлдер алдында бесікті отпен аластау барысында «Сырық-сырық» деп демеп отырады.

Үш найзадан құралған Ыза сырлықтың тағы да бір құқықтық қызметіне арнайы тоқталсақ, артық болмас.

Найзаның үшкір ұшы, найза басы ертеде «кым» деген атауға ие болғанын адамзаттың түгел сөздің түбірі бір тіл тарихы жеткізеді. Күдері үкілі найза басы қымға таққан. Көне корей мифологиясында «ким/кым» иероглифі әуел басында «старейшина», «жрец» деген сөздерді беретін.

Қазақ тіліндегі баламасы «қам», «жырау». Қамшы – дұрыс кенес беріп, ақыл айтар, адастырмай жөн сілтер қамқоршы, ел басы. «Шы» жалғау, жұрнақ «кісі, ие» деген мағына беруші. Кісілігінен, киесінен адасқан ел басы елін аздырады. Азған елдің ыза-ашулы көпті, тозған топты төңкеріс жолына итермелейді. «Ыза» – барша қайғы-қасіреттің басы.

Атақты «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Г.Потаниннің жазып алған нұсқасын қарасаңыз, оған көзіңіз жетеді.

Потанин нұсқасында Қарабай мен Сарыбай ызаңы құрбаны. Ол екеуі де қартайғанша перзент көрмей жүріп, туысқан-туғаннан зорлық көрген соң елден кетіп, ызадан қаңғып, талай жерге жетеді.

Қарабай анда алдынан бір марал ыза қылып кеткенін кешпей, Сарыбайға өтініп атқызып алады. Маралды атқан Сарыбай да, атқызылған Қарабай да оңбайды.

Ғалым Ә.Марғұланның дерегіне сай Потанинге бұл нұсқаны «Қайғы шығар ілімнен, ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар шығарды тілімнен» деп кеткен Абай 1884 жылы жіберіпті.

Марат АЗБАНБАЕВ

Құттықтаймыз!



Аяулы жар, асқар тау әке, немелерінің сүйікті атасы **Данибек Асетович КЕНЖЕБАЕВ** 7 сәуір күні 70 жасқа толып отыр. Біз үшін әлемдегі ең керемет, ең сүйікті, жанымыз, қамқоршы жанды туган күнімен құттықтаймыз! Әке мейірімділігі мен отбасына деген сүйіспеншілігі, қолдауы арқасында бүгінгі дәрежеге жетіп отырмыз. Сіз біздің отбасымыздың мың қол бастайтын қаһарманысыз! Бойынздығы өжеттілік пен қайсарлықты өзіңізден сіңіре білдік. Қыран құстай қырағы болуды үйреттіңіз. Әлі де өзіңізден үйренеріміз көп. Біздің мықты болғанымыз әкеміздің арқасы деп білеміз, біздің беделіміз болғаны тәрбиеміздің көрсеткіші деп есептейміз.

Өткен күннің артта қалып елесі,  
Тіршіліктің жылжи берер кемеі.  
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,  
70 жастың құтты болсын белесі.

Балаларың басыңдағы бағыңыз,  
Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз.  
Өзіңізді мәлепеген, баптаған,  
Аман болсын ағамыздай жарыңыз.

Осы өңірде кең керілген көрең,  
Еңбегіңмен еселенген берекен.  
Атасының амандығын тілейді,  
Ерке, тентек, ақ пейілді мерсерен.

Ардақтайды ақсақал деп халқың да,  
Біз секілді ұрпағың да артыңда.  
Сексенге де, тоқсанға да жетіңіз,  
Дәл осындай мейірімді қалпыңда.

Тілек білдірушілер: жұбайы – **Рахия**, балалары – **Балдырған**, **Айдын-Айгерім**, **Әнуар-Мадина**, немелері – **Ай-толқын**, **Айзере**, **Балтөре**, **Азим**, **Ясина**

№116

## Публичный договор технического обслуживания газопотребляющих систем и газового оборудования

г. Караганда 01.04 2024 г.  
**ТОО «АlemGaz»** на основании свидетельства о государственной регистрации юридического лица № 10100672761677 от 03.05.2023 г., именуемая в дальнейшем «Исполнитель» в лице директора Бидайбаева Т.Н. действующего на основании Устава, с одной стороны, и \_\_\_\_\_, именуемый в дальнейшем «Заказчик», с другой стороны, в дальнейшем именуемые «Стороны», заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

### Глава 1. Предмет Договора.

1. В соответствии с настоящим Договором исполнитель обязуется производить выполнение работ по техническому обслуживанию газопотребляющих систем, установленных в жилом помещении заказчика, который, в свою очередь, обязуется принимать и оплачивать вышеуказанные работы.
2. Техническое обслуживание газопотребляющих систем включает в себя:
  - 1) визуальный осмотр газового оборудования;
  - 2) проверку (визуальную) наличия свободного доступа к газопроводу и газовому оборудованию;
  - 3) проверку герметичности соединений газопроводов и арматуры, бытового газового оборудования приборным методом или мыльной эмульсией;
  - 4) проверку целостности и укомплектованности газового оборудования;
  - 5) проверку работоспособности и смазки кранов, установленных на газопроводе;
  - 6) проверку наличие притока воздуха для горения;
  - 7) разборку и смазку кранов бытового газового оборудования при необходимости;
  - 8) проверку работоспособности автоматики безопасности бытового газового оборудования при ее наличии;
  - 9) очистку горелок от загрязнений, регулировку процесса сжигания газа на всех режимах работы оборудования;
  - 10) выявление необходимости замены или ремонта отдельных узлов и деталей газового оборудования;
3. Работы по ремонту внутримаршрутного газового оборудования и работы, не предусмотренные в настоящем Договоре, в том числе с заменой узлов и деталей, осуществляются по заявке заказчика за отдельную плату.
4. Работы, перечисленные в пункте 2 настоящего Договора, осуществляются при наличии у заказчика газового оборудования, соответствующего техническим регламентам и национальным стандартам.

### Глава 2. Права и обязанности исполнителя.

5. Исполнитель обязан:
  - 1) обеспечивать своевременное и качественное выполнение работ по техническому обслуживанию в соответствии с условиями Договора;
  - 2) выполнять техническое обслуживание газопотребляющих систем не реже одного раза в год;
  - 3) при обращении заказчика о необходимости проведения внеплановых работ (ремонт по заявке), выполнить их в согласованные сроки;
  - 4) проводить первичный и повторный инструктажи заказчика по эксплуатации газового оборудования;
  - 5) уведомить поставщика газа о необходимости прекращения подачи газа заказчику в следующих случаях:
    - 1) при самовольном переносе, монтаже и демонтаже установленного газового оборудования, и самовольной

установке дополнительного газового оборудования, использовании газового оборудования не по назначению, эксплуатации газового оборудования с нарушением требований инструкции по их эксплуатации;

6) при прекращении действия настоящего Договора уведомить поставщика газа о прекращении технического обслуживания газопотребляющей системы и газового оборудования заказчика.

6. Исполнитель имеет право:

- 1) уведомить поставщика газа о необходимости прекращения подачи газа заказчику в следующих случаях:

во время ликвидации аварий;  
во время проведения плановых ремонтных работ;  
при неудовлетворительном состоянии и неисправности газового оборудования, дымовых и вентиляционных каналов, отсутствии актов обследования с положительным заключением о техническом состоянии;

при самовольном переносе, монтаже и демонтаже газового оборудования, самовольной установке дополнительного газового оборудования, использовании газового оборудования не по назначению, эксплуатации газового оборудования с нарушением требований инструкции по их эксплуатации;

по истечении двух месяцев после письменного предупреждения заказчика, при необеспечении заказчиком доступа представителям исполнителя для технического обслуживания (ремонта) газопотребляющих систем и газового оборудования. При этом исполнитель не несет ответственности за потери, убытки, возникшие у заказчика в результате прекращения подачи газа по вышеуказанным основаниям;

2) по заявке заказчика производить пуск вновь установленного газового оборудования действующей газопотребляющей системы, ремонт, замену узлов и деталей газовых приборов за отдельную плату, не предусмотренную настоящим Договором.

### Глава 3. Права и обязанности заказчика.

7. Заказчик обязан:

- 1) обеспечить эксплуатацию газового оборудования в соответствии с инструкциями по их эксплуатации;
- 2) содержать газовое оборудование в удовлетворительно чистом состоянии;
- 3) при неисправности газового оборудования, появлении запаха газа немедленно прекратить пользование газом и сообщить исполнителю и в аварийную службу газораспределительной организации, владельцу групповой резервуарной установки или владельцу газонаполнительной станции;

4) обеспечить исправную работу дымовых и вентиляционных каналов;

5) обеспечивать доступ представителю исполнителя (по предъявлению служебного удостоверения или документа, удостоверяющего личность) к газовому оборудованию для осмотра, при необходимости ремонта, а при аварийных ситуациях – в любое время суток;

6) не производить и не допускать проведение работ по самовольной газификации, демонтажу, изменению конструкции и ремонту (в том числе замене) действующего оборудования и газопроводов, дымовых и вентиляционных каналов, монтажу дополнительного газового оборудования;

7) не загромождать места расположения кранов перед газовым оборудованием, на разводке (стояки), кранов на вводе;

8) устранить выявленные исполнителем нарушения

в эксплуатации газового оборудования.

### Глава 4. Стоимость услуг и порядок оплаты.

8. Стоимость работ по техническому обслуживанию определяется на основании действующего прейскуранта исполнителя. Оплата работ по техническому обслуживанию газопотребляющих систем по настоящему Договору может производиться по выбору заказчика ежемесячно, ежеквартально или один раз в год путем перечисления на расчетный счет исполнителя.

9. Исполнитель составляет акт по выполнению технического обслуживания.

10. Платеж считается совершенным по факту поступления денег на счет исполнителя.

11. Размер оплаты по настоящему Договору может быть изменен при изменении количества газового оборудования или протяженности газовых сетей, принадлежащих заказчику.

### Глава 5. Ответственность сторон.

12. Исполнитель не несет ответственности и не гарантирует работу газопотребляющей системы при нарушении заказчиком условий настоящего Договора.

13. При не предоставлении исполнителю доступа к газопотребляющим системам, ответственность за исправное техническое состояние газопотребляющих систем несет заказчик.

14. При ненадлежащем исполнении условий настоящего Договора, стороны несут ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

### Глава 6. Срок действия Договора.

15. Договор вступает в силу и становится обязательным для сторон с момента его заключения и действует на период эксплуатации газопотребляющих систем, а по расчетам и финансовым обязательствам – до полного их завершения.

### Глава 7. Заключительные положения Договора.

16. Все споры и разногласия по настоящему Договору или в связи с ним решаются путем переговоров между сторонами.

17. При невозможности решения возникших споров или разногласий путем переговоров они подлежат разрешению в судебном порядке.

18. По вопросам, не урегулированным настоящим Договором, стороны руководствуются действующим законодательством Республики Казахстан.

### Глава 8. Реквизиты сторон.

«Газосетевая организация» «Потребитель»  
**ТОО «АlemGaz»**  
г. Караганда, ул. Г. Потанина, стр.125/1  
АО «Нурбанк», г. Караганда  
БИК NURSKZKX  
БИН 051 040 007 870  
№ счета KZ8184902KZ000335212  
infoalemgaz@mail.ru  
8(7212) 25-80-01

Директор \_\_\_\_\_ Бидайбаев Т.Н.

№76

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормалары департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

**Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР**  
Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ  
• жеңілдетілген құны үшін  
• жеңілдік құқықтары үшін  
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін  
• арнайы техникалар үшін  
САТПАЙМЫЗ, САТАМЫЗ  
Қарағанды қ. қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовья көш., 14/1  
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

• РЕСМИ

# Бюджетті орындаудағы қазынашылықтың рөлі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитеті төрағасының 2022 жылғы 2 қыркүйектегі №4365 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылуы және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету; түсімдер бойынша бюджеттердің атқарылуын қамтамасыз ету; аударым операцияларын жүзеге асыру; мемлекеттік мекемелердің төлем шоттары, мемлекеттік кірістер органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қазынашылық сүйемелдеу кезінде бас мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының төлем тапсырмалары негізінде төлемдер жүргізу және өзге де міндеттер болып табылады.

Қазынашылықтың маңызды функцияларының бірі – бюджет қаражатын мақсатты пайдалануды қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылатын ағымдағы бақылауды жүзеге асыру, өйткені ол қаржылық тәртіпті бұзушыларды анықтап қана қоймай, ең алдымен мұндай бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру жоспарларын жүктеу, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу, төлем шоттарын және төлем тапсырмаларын жүргізу кезінде Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің және оның аумақтық органдарының жауапты орындаушылары қаржы құжаттарының мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларын қаржыландырудың жиынтық жоспарына, сондай-ақ, бірінші бюджеттік сыныптама кодтарына; төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына; тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге; нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы туралы Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкестігіне; растайтын құжаттардың: шот-фактураларын, орындаған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің, объек-

тіні пайдалануға қабылдаудың, жобалық-сметалық құжаттамаға сараптамалардың қорытындысы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттардың өзге де түрлері болуына ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінде – қазынашылық пен клиенттер арасындағы электрондық құжат айналымы функцияларын жүзеге асыру клиенттермен тікелей байланысыз жүргізіледі, бұл ашықтықты қамтамасыз етеді және қазынашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінде және оның аумақтық қазынашылық органдарында 989 клиентке қызмет көрсетілді, 2022 жылдың осы кезеңінде 961 клиентке қызмет көрсетілді. Оның ішінде, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 101 мемлекеттік мекеме, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын 371 мемлекеттік мекеме, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын 234 мемлекеттік мекеме, 165 жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, 19 квазимемлекеттік сектор субъектілері, 89 мемлекеттік сатып алушы қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігерлер мен қосалқы мердігерлер, 10 қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторлары.

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінің мәліметі бойынша 2023 жылдың 12 айында департаментке және оның аумақтық органдарына 815 565 қаржылық құжат келіп түсті, 2022 жылы 1 050 815 қаржылық құжат түсті. Оның ішінде, 781 546 орындалды, 2022 жылы 999 482 құжат орындалды. 34 019 қаржылық құжат қайтарылды, 2022 жылы 51 333 қаржылық құжат қайтарылды.

Бюджетті атқару процесінде мемлекеттік мекеме үшін негізгі құжат міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жеке жоспары; бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі үшін – міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары; бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты үшін – түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары болып табылады.

2023 жылдың 12 айында департаментке және оның аумақтық органдарына 52 452 қаржыландыру жоспары, түсімдер мен қаржыландырудың жеке және жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізуге анықтамалар келіп түсті. Оның ішінде 37 858 орындалды, 14 594 қайтарылды.

Қазынашылықтың келесі функциясы, оларды тіркеу талап етілетін заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, қазынашылық органдарында міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енетін мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін

тіркеу болып табылады. 2023 жылы азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге 51 680 өтінім келіп түсті, оның ішінде, 49 635 орындалды, 1 885 өтінім қайтарылды.

Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақша алушылар болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінімге ақша алушының енгізуге өтінім береді. 2023 жылы қазынашылық жүйесінде ұлттық валютада ақша алушыларға 12 332 өтінім келіп түсті, оның ішінде, 1 633 өтінім қайтарылды.

Мемлекеттік мекемелердің төлемдері төлем шоттары негізінде жүзеге асырылады.

2023 жылы мемлекеттік мекемелердің төлем шоттары 704 583, оның ішінде, 687 394 орындалды, 17 189 қайтарылды.

Инвестициялық жобаларды іске асыруға және олардың жұмсалуды бақылауға бөлінген бюджет қаражатын есептеуге арналған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары арқылы 2023 жылы 901 төлем тапсырмасы өткізілді, 879 орындалды, 22 қайтарылды.

Сондай-ақ, қазынашылық органдары арқылы мемлекеттік-жекешелік әріптестер шарты, оның ішінде концессия шарты тіркелуден өтеді. Бұл тіркелуді мақсаты инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік пен жеке әріптес ресурстарын біріктеу жолымен мемлекет экономикасына инвестициялар тарту болып табылады. 2023 жылы департаментте 12 мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тіркелген.

Құрылысқа байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға қатысушы-

лардың салықтарды толық төлеуін қамтамасыз ету үшін қазынашылықта ашылған мемлекеттік сатып алу субъектілерінің шоттарына – сметалық құны екі миллиард теңгеден және одан жоғары объектілерді салу бойынша бас мердігерлер мен қосалқы мердігерлер 2023 жылы мемлекеттік сатып алу субъектілерінің 5 949 төлем тапсырмасы түсті. Оның ішінде, 5 070 орындалды, 169 қайтарылды.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» білім беру саласындағы «Жайлы мектеп» пилоттық жобасы бекітілді, мақсаты орта білім беру ұйымдарындағы апатты мектептерді, үш ауысымды оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою болып табылады. Қарағанды облысы бойынша 2023-2025 жылдар ұлттық жобасын іске асыру мерзімдері осы жоба бойынша 18 білім беру объектісін салу және пайдалануға беру жоспарлануда, оның ішінде, бірінші кезеңде 10 объект, екінші кезеңде 8 объект. 2023 жылға бөлінген қаражат ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекция ретінде «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысымен айқындалған «Samruk-Kazyna Konstruktion» АҚ аударылды.

Қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру, қаржылық құжаттарды уақытылы жүргізу, бюджеттің сапалы орындалуы мақсатында департаментте және оның аумақтық органдарында бюджет заңнамасының нормаларын түсіндіру, белгілі бір кезеңдердегі жұмыс қорытындылары бойынша, жиі кездесетін қателіктерді қарау және талдау бойынша клиенттермен тұрақты негізде семинар-кеңестер өткізіледі. 2023 жылы 33 семинар-кеңес өткізілді.

Сондай-ақ, бюджет заңнамасына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды зерделеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеп нормаларын сақтау бойынша аумақтық қазынашылық органдарымен ZOOM платформасы арқылы семинар-кеңестер өткізіледі. 2023 жылы 18 семинар-кеңес өткізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінде 12 құрылымдық бөлімше және 12 аумақтық орган бар, қазіргі уақытта 146 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Жоғарыда аталған міндеттер мен функцияларды үлкен тәжірибесі мен жұмыс өтілі бар, өз жұмысын жақсы көретін мамандары орындайды және олармен бірге қазынашылардың жас буыны еңбек етіп тәжірибеге алады.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті алдына қойылған міндеттерді табысты және тиімді орындайды және Қарағанды облысының бюджет жүйесін дамытуға және экономикасын нығайтуға өзінің үлесін қосуды жалғастырады.

Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінде тұрақты негізде «сенім телефоны» – 8(7212) 41-36-90 жұмыс істейді.

Сондай-ақ, қазынашылық қызметін жариялау үшін департамент Instagram платформасында – [kazna\\_karaganda](https://www.instagram.com/kazna_karaganda) аккаунт парақшасын белсенді жүргізуде.

**Ж.САПАРОВА,  
ҚР ҚМ ҚК Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің басшысы**

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Туған елге тарту

Сәуір айының 10 жұлдызында Кеншілер Мәдениет Сарайында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор, профессор Тілеуғали Қышқашбаевтың «Шаттық елім» атты шығармашылық кеші өтеді.

**10 18.30 сәуір**

**КЕНШІЛЕР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ**

**«Шаттық елім»**

атты шығармашылық кеші

**Тілеуғали Қышқашбай**

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, композитор, профессор

Кешке ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Бақтияр Тайлақбаев, Бауыржан Исаев және Қарағанды эстрадалық-симфониялық оркестрі, бірлестіктің жеке орындаушылары қатысады

Дирижерлер: ҚР еңбек сіңірген қайраткері Игорь Андрейченко

Халықаралық конкурстардың лауреаты Абілкайыр Сағымбаев

**КІРУ ТЕГІН**

Тілеуғали Әшірбекұлы – 1957 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Алматы музыка училищесін, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияны бітірген. Ол қырықтан астам ән мен симфониялық музыкалық шығарманың авторы. Педагогика ғылымдарының докторы, көптеген ғылыми еңбектері жарық көрген. 2000-2008 жылдар аралығында Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, тағы да басқа көптеген басшылық қызметтер атқарды.

Бірқатар республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. Қазақ эстрадасының белді өкілі Алғабай Жорабаевтың орындауында халық арасына кең таралған «Астана» әнінің авторы Тілеуғали Әшірбекұлы екенін де айта кеткен жөн.

«Шаттық елім» шығармашылық кешінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Бақтияр Тайлақбаев пен Бауыржан Исаев, Қарағанды эстрадалық-симфония оркестрі, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің редакторы

дағы концерттік бірлестіктің жеке орындаушылары өнер көрсетіп, Т.Қышқашбаевтың шығармаларын көпшілікке тарту етеді. Автордың туған өлкесіне арнаған «Қарағандым» әні мен сөзін ақын Ғалым Жайлыбай жазған «Балқашым» туындысы, «Таң толғауы», «Элегия», «Мой город», «Ғашықпын», «Астана», «Туған ел», «Достар», «Анашым», «Сарыарқа», «Балқашым», «Есіл дәурен» әндері шырқалып, күйлері орындалады.

Кеш дирижерлары – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Игорь Андрейченко мен халықаралық байқаулардың лауреаты Әбілкайыр Сағымбаев.

Тағылымға толы еңбек жолы мен шығармашылығының есеп беру кешін туған еліне арнайы әкеле жатқан Тілеуғали Әшірбекұлының кешінен қапы қалмаңыздар, құрметті көрермен!

**Марал НҮРТӨЛЕУОВА,**  
**Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің редакторы**

• БАЙҚАУ

# «Алпамысты» жатқа оқып...

Жасөспірімдер арасында батырлық эпостарды насихаттау мақсатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы «Алпамыс батыр» эпосының тұңғыш басылғанына 125 жыл толуына орай аталған жырдан үзіндіні жатқа мәнерлеп оқу бойынша қалалық байқауын жариялаған болатын. Байқау 14-15 жастағы балалар арасында екі кезең бойынша өтті.

Ереже бойынша, «Алпамыс батыр» жырынан тестілеуден жоғары ұпай жинаған қатысушылар екінші кезеңге өтті. Екінші кезеңде Абай атындағы балалар кітапханасында «Алпамыс батыр» қазақ халқының қаһармандық жырын мәнерлеп жатқа айтудан сынға түсті.

Олардың мәнерлеп оқу шеберлігін филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Жарылғап, Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі А.Оралханқызы бастаған қазылар алқасы бағалады.

Байқаудың қорытындысында, I орынға «Ақпараттық технологиялар» мектеп-лицейінің 7 «А» сынып оқушысы Санжар Ыдырысов (электронды кітап), II орынға №12 жалпы білім беретін мектептің 9 «Ә» сынып оқушысы Наргиза Рахман (виртуалды шыны көзілдірік), III орынға «Ақпараттық технологиялар» мектеп-лицейінің 7 «А» сынып оқушысы Нығмет Сызбек (смарт-сағаты) пен №12 мектептің 9 «Ә» сынып оқушысы Айсулу Жалғасқызы (смарт-сағаты) ие болды.

Ал, номинациялар бойынша үздік атанғандарға портативті динамик сыйға тартылды.

«Орындаушының шынайылығы» аталымы «Таңшолпан» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының 7 «А» сынып оқушысы Дана Хатамова, «Әртістік шеберлік» номинациясы №66 мектеп-лицейдің 2 «А» сынып оқушысы Қайрат Ақжолтайға, «Жыр жүйрігі» аталымы «Ақпараттық технологиялар» мектеп-лицейінің 8 «А» сынып оқушысы Аружан Мұратханға, «Жыршылық өнер» номинациясы Мағжан Жұмабаев атындағы гим-



назияның 8 «Б» сынып оқушысы Томирис Қайратқа, «Алпамыс батыр» жырының білгірі» аталымы «Таңшолпан» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының 8 «А» сынып оқушысы Нұрелан Жаманбаевтың бұйырды.

Сайысқа қатысқан барлық қатысушыға сертификаттар берілді. Кітапхана директоры Баян Уатаева байқау жеңімпаздарын құттықтап, қазылар алқасы мен жетекшілерге

алғысын жеткізді. – Байқау жас буынды қайсарлыққа, батырлыққа, алғырлыққа жетелейді. Биыл былтырғыға қарағанда тартысты өтті. Алдағы

жылдары ауқымдырақ қылып өткізу ойымыз бар. Балалардың талпынысы қуантты, – деді Баян Қуанышқызы.

**Жібек ЗЕЙКЕНОВА,**  
**орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы**

Сурет ұйымдастырушылардан

• АКЦИЯ

# Классик есімі ұлықталды

Биыл «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары насихатталды.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Өзім туралы», «Менің атым Қожа» «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» атты шығармаларының мазмұны қысқаша баяндалды. Бұл – балалардың қызығушылығын арттыру үшін қажет дейді ұйымдастырушылар.

Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының балаларға қызмет көрсету

бөлімінде жазушының өмірімен, шығармашылығымен толықтай таныса аласыз.

Шара барысында «Менің атым Қожа» повесі талқыланды. Іс-шараға Қарағанды қаласының №48 жалпы білім беретін мектебінің 5 сынып оқушылары қатысты. «Бала жанының білгірі» атты ұйымдастырылған көрмеде кітапхана меймандары жазушының суреттерде сақталған өмірбаянын шолып өтті.

Балалар «Менің атым Қожа» повесі бойынша викториналық сұрақтарға жауап берді. Тіпті, фильмдегі өздеріне ұнаған кейіп-



кер болып ойнап, әртістік шеберліктерін көрсете білді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФЕСТИВАЛЬ

# Елдің өнері – Егіндібұлақ сахнасында

Өнер дегеніңіз елдің ішінде. Сәуірдің бесінші жұлдызында Балқантау баурайында жыл сайынғы халық театрларының фестивалі басталды.

Егіндібұлақтың мәдениет үйінде шымылдық ашқан шараны осы ауылдың халықтық театры Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» психологиялық драмасымен бастады. Қарағандылық көрермендерге Сәкен театрының сахнасынан таныс қойылмы

жан-жүректі тебіренер мазмұнымен ерекше, мойындалған дүние. Десек те, қойылым осы жолы басқа актерлердің ойнауымен де ерекше.

– Бұл халық театрлары айлығын Қарқаралы ауданында «Театр – тәрбие бесігі» атауымен 2018



жылдан бері өткізіп келе жатырмыз, – дейді аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Қаламқас Төлеуханова. – Биылғы фестивальді Ш.Жандарбекова атындағы мәдениет үйі жөндеуден өтіп жатқандықтан, Егіндібұлақ мәдениет үйінде өт-

кізуді дұрыс көрдік. Бұл шара және Қарқаралы қаласының 200 жылдық мерейтойына арналып отыр. Оған қоса, осы фестивальдің ашылуында Егіндібұлақ халық театрына оның алғашқы ұйымдастырушысы әрі жетекшісі Шахман Мағазовтың есімі берілді.

11 сәуірде көрермендер назарына Алтынбек Қоразбаевтың әйгілі «Қара кемпір» толғауына интерпретацияланған «Ана зары» қойылымы ұсынылмақ. Қос құлының бірдей айырылған ананың мұны мен зарына негізделген көркем дүниені Мақат Рымжанов

атындағы халық театрының өнерпаздары сахналайды.

Ал 18 сәуірде ел алдына Тәттімбет ауылының халықтық театры шығады. Бұл ұжым Жолтай Әлмашұлының «Тірі жан» пьесасын тірілтпек. Оның мазмұны адам саудасы, онда да баланың тәлкек тағдыры турасында болмақ.

Атығай Шанин атындағы атакты театрдың әртістері 25 сәуірде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» спектаклін көрсетеді. Халық театрларының айға жуық уақытқа созылатын фестивалі осы күні аяқталып, басты, екінші маңыздағы рөлдерді сомдаған актерлер, ер мен әйелдің бейнесін үздік сомдаған өнерпаздар марапатталады. Оларды халық театрлары болғандықтан, әлбетте, көрермендер таңдайды.

Ел ішіндегі дарындардың өнерін тамашалау үшін Егіндібұлаққа асығайық, ағайын!

**Болатбек ӘШІМҰЛЫ**

**Қарқаралы ауданы**  
Суреттер автордан

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы**  
**ӘБІЛДА**

Сайт редакторы –  
**Оксана Вячеславовна**  
**МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**

Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерлер: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шапқын, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 38 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**